СЕЙСЕНБІ
№59 (4307)
30.05.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СОЛТҮСТІКТЕГІ ШАРУАЛАР ЕГІСКЕ ТАС-ТҮЙІН ДАЙЫН

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында Президент көктемгі егіс науқанымен танысу үшін «Дайындық Агро» ЖШС-ға қарасты егістік алқабын аралап көрді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛҒА БАСТЫ

Аталған шаруашылық дәнді, майлы дақылдар өсірумен және мал шаруашылығымен айналысады. Иелігінде 15,8 мың гектар егістік алқабы, 4,2 мың гектар жайылым жері бар. «Дайындық Агро» директоры Біржан Шәймерденов биыл гектарынан 25 центнер өнім алуды жоспарлап отырғанын айтты.

Президент диқандардың экспорттық сұранысы жоғары дақылдарды өсіруге бейімделгенін атап өтіп, шаруалардың еңбегіне оң баға берді.

Президентке көктемгі егіс науқанының барысы жөнінде мәлімет берілді. Өңір басшысы Айдарбек Сапаровтың айтуынша, егістік алқаптарына минералды тыңайтқыш жеткізу, көктемгі егіс жұмыстарына техника сайлау, диқандарды жанар-жағармаймен қамтамасыз ету ісі жоспарға сай орындалып жатыр. Биыл облыс бойынша 4,5 миллион гектар жерге егін егіледі, оның ішінде 3,2 миллион гектарға – дәнді, дәнді-бұршақты дақылдар, 960 мың гектарға – майлы дақылдар, 353 мың гектарға – мал азығын, 34,1 мың гектарға – картоп, 6,2 мың гектарға – басқа да көкөніс түрлерін егу жоспарланған.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін егістік алқаптарын әртараптандырып, әлеуметтік маңызы бар дақылдарды көбірек егу мәселесіне ұдайы назар аударылады. Соңғы жылдары облыста қарақұмық егу 3 есе, картоп, сәбіз, орамжапырақ секілді көкөністер алқабы шамамен 1,5-2 есе артқан.

(Жалғасы 2-бетте)

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы Түркия Республикасының 100 жылдығы қарсаңында өткен президент сайлауындағы Режеп Тайип Ердоғанның айқын жеңісі оның Түркияны дамытуға қосқан зор үлесі мен қоғамдағы биік беделінің нәтижесі екенін атап өтті.

Президент бауырлас екі мемлекеттің сан ғасырлық ортақ тарихы мен мәдениетінің тамыры тереңде жатқанын атап өтіп, Түркиямен арадағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды биыл күзде түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанда өтетін Түркі мемлекеттері ұйымының 10-шы мерейтойлық саммитіне қатысуға шақырды.

Өз кезегінде Түркия Президенті Мемлекет басшысына алғысын айтып, бауырлас Қазақстан халқының өсіп-өркендей беруіне тілектестік білдірді.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

«AMANAT» партиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеуге ниетті. Соған сай ынтымақтастық туралы меморандумға кеше «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев пен Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов қол қойды.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев партия әрқашан әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық және отбасы мұратына адалдық сияқты ортақ мызғымас құндылықтарды нығайтуды жақтайтынын мәлімдеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет. «AMANAT» парламенттік көпшілік дауысқа ие және барлық деңгейдегі мәслихаттардағы орындардың 76,9%-ын иеленген партия ретінде, дәстүрлі ахлақ қағидаларын ілгерілету, мемлекеттік тілді дамыту, әйел құқығын қорғауды қолдау үшін әлеуеті жеткілікті. Өткен тоғыз айда елімізде бұрын-соңды болмаған түбегейлі саяси реформалар жүргізіліп, Әділетті Қазақстанды құрудың іргетасы қаланды. Халықтың бірлігі мен қоғамдық келісім еліміздің өркендеуінің шешуші шарты екеніне сенімдімін», – деді ол.

Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов бүгінде ҚХА-ның негізгі міндеті – XXXII сессия шешімдерінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету екенін атап өтті.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАҢБАҚ САЛҒАН САЛМАҚ

Атбасарлық шағын шаруа қожалықтары биылғы көктемгі егіс науқанын аса қатты қиындықпен бастады. Киіктердің жыл сайын егінді таптап кетуінен титықтаған ірі серіктестіктер егіндерінің айналасын терең ор қылып қазып тастап, арты үлкен дауға айналған еді. Шаруалар жергілікті билік пен құзырлы органдардың еш келісімінсіз осындай қадамға барған. Егістік алқаптарын қызғыштай қорыған шаруалардың әрекетінен ұсақ шаруа қожалықтары зардап шеккен. Өйткені қазылған шұңқырларды жағалай жүрген киіктер енді ұсақ шаруа қожалықтарының жерін таптап кетіп жатыр.

7 ▸▸

«ОЛАРДЫҢ БІРІН ДЕ ҚАЛДЫРМАЙ ЖОҚ ҚЫЛУ КЕРЕК...»

5 БЕТ

1937 жылы қазақ зиялыларын айыптау мен құғындау бұрынғыдан бетер күшейіп, шарықтау шегіне жеткені белгілі. Алашордашылардың әр басқан қадамынан теріс пиғыл іздеп, оларға кінә тағу да қалыпты іске айналды. Одан бөлек, бұқараның мұсылманшылықты берік ұстанған өкілдерін жау етіп көрсету саясаты да жүргізілді. Біз «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы нөмірлерін парақтап отырып, сол жылдардағы зұлматтың салқынын сезгендей болдық...

ХАЛЕЛ ЖАЙЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖАЗЫЛУҒА ТИІС

6 БЕТ

Биыл тарихи заңғар тұлға Халел Досмұхамедовтің туғанына – 140 жыл. Соған орай «Халел Досмұхамедов мұрасы және қазіргі қазақ қоғамы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына келген Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қорының президенті, филология ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры Ғарифолла ӘНЕСПЕН сұхбаттасқан едік.

САЯХАТТАП ЖҮРІП, ТАБЫС ТАБАДЫ

Елімізде құрлық асып, шетел көргісі келетін жастардың қатары жыл санап артып келеді. Олардың арасында ел көріп қана қоймай, жұмыс істеп, қомақты табыс тапқысы келетіндері жетіп артылады. Бұл орайда олар Work and Travel сияқты бағдарламалардың шарапатын сезініп жүр.

7 ▸▸

СОЛТҮСТІКТЕГІ ШАРУАЛАР ЕГІСКЕ ТАС-ТҮЙІН ДАЙЫН

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев егістік басында облыстың ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерімен әңгімелесті. Олар мемлекеттің тиімді қолдауы нәтижесінде шаруашылықтарын кеңейтуге мүмкіндік алғанын айтты. Ірі шаруашылықтар ауыл халқын жұмыспен қамтып қана қоймай, ауылдағы әлеуметтік бастамаларға да үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы еңбек өнімділігін арттырып, ауыл шаруашылығына жаңа технологиялар мен өндіріс тәсілдерін енгізу маңызды екеніне назар аударды. Президенттің пікірінше, бұл шаралар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, нақты табысының артуына ықпал етеді. Қазіргі кезде Солтүстік Қазақстан облысындағы еңбек өнімділігі, ауыл шаруашылығы саласындағы бір жұмысшыға шаққанда, 5 миллион теңгені құрайды. Бұл – республикалық орташа көрсеткіштен әлдеқайда жоғары.

Сондай-ақ Президент облыс басшылығына осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруды және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісін дамытуды тапсырды. Диқандардың көктемгі егіс науқанын сәтті атқаруына тілектестік білдірді.

Президент облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен кездесу барысында ЕАЭО қызметінің басым бағыттары жөнінде пікірін білдірді. Жуырда Мәскеу қаласында ұйымның кезекті саммиті өтті.

– Ресей Федерациясымен шекара бойында орналасқан Солтүстік Қазақстан облысының стратегиялық маңызы зор. Ресей – біздің серіктесіміз. Біз ЕАЭО аясында да, екіжақты деңгейде де кедергісіз сауда мен тауар алмасу ісін қамтамасыз ету үшін тұрақты келіссөздер жүргіземіз. Жуырда Мәскеуде ЕАЭО Жоғарғы Кеңесінің отырысы өтті. Жиында, ең алдымен, өзара экономикалық іс-әрекет, интеграция, ынтымақтастық мәселелерімен айналысу қажеттігі туралы айттық. Сауда-саттық кедергісіз жүргізілуі керек. Біз бірыңғай тауар нарығын құруға бар күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Қазақстандық жүк тасымалдаушылар тауарды Ресей нарығына да, үшінші мемлекеттердің нарықтарына да кедергісіз және тиімді жеткізу үшін Ресей аумағындағы ішкі теміржол тарифтері қолжетімді болуға тиіс. Тағы да қайталап айтамын: ЕАЭО, ең алдымен, экономикалық интеграциямен, содан кейін басқа мәселелермен айналысуы керек. Идеология, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет салаларындағы мәселелер, әрине, назар аударуды қажет етеді. Бірақ басқа да платформалар бар. Онда біз барлық тиісті елдермен табысты ынтымақтастық орнатқанбыз. Сондықтан ЕАЭО, ең алдымен, 2015 жылғы Шартта бекітілген міндетін орындайды деп сенеміз. Жақында Беларусь Республикасының президенті Александр Григорьевич Лукашенко Қазақстанға одақтас мемлекетке кіруді ұсынды. Мен оның әзіліне лайықты баға бердім. Менің ойымша, бұған ешбір қажеттілік жоқ. Өйткені басқа интеграциялық бірлестіктер, соның ішінде, ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ бар. Ядролық қаруға келетін болсақ, бізге бұл қару қажет емес. Себебі біз Ядролық қаруды таратпау туралы шарт пен Ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы шартқа қосылдық. Біз осы халықаралық құжаттар аясындағы міндеттемелерге адал болып қала береміз. Менің ойымша, осы кең Еуразиялық аймақтағы немесе үлкен Еуразиядағы ынтымақтастық экономикалық бағыт бойынша дамуға тиіс, оған біз бәріміз мүдделіміз. Нақты ортақ нарық құру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент агроөнеркәсіп кешені басшыларымен және қарапайым жұмысшылармен әңгімелесті. Олар мемлекет тарапынан жан-жақты қолдаудың нәтижесінде Солтүстік Қазақстан облысында мал шаруашылығының дамуы тың қарқын алғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы адал еңбегімен елді көркейтуге, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін ауыл еңбеккерлеріне алғыс айтты.

Сонымен қатар Президент облыс басшылығына жаңа фермаларды іске қосу және қолданыстағы шаруашылықтардың өндірістік қуатын арттыру арқылы сүт өндірісі бағытындағы мал шаруашылығын одан әрі дамыту жөнінде тапсырма берді.

ЖЫЛЫНА 5 МЫҢ ТОННА ҚАҒАЗ ӨНІМІН ӨНДІРЕДІ

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында «РимҚазАгро» ЖШС-ның қағаз өнімдерін шығаратын фабриканың жұмысымен танысты. Өндіріс орнын аралап көрген Қасым-Жомарт Тоқаевқа фабрика жұмысының алғашқы нәтижесі туралы баяндалды. Кәсіпорын жылына 5 мың тонна қағаз өнімін өндіре алады. Құйылған инвестиция көлемі – 2,5 миллиард теңге. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жобаны субсидиялауға қаржы бөлінген.

Қағаз өнімдері фабрикасы – көпсалалы «Радуга» компаниясына қарасты кәсіпорындардың бірі ғана. Жалпы аумағы 37,7 гектар болатын индустриялық кешенде бұған дейін халық тұтынатын тауарлар мен азық-түлік шығаратын бірнеше кәсіпорын ашылған. Қазір өңір халқын жыл он екі ай көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін жылыжай құрылысы жүріп жатыр.

Президент елімізде «Қарапайым заттар экономикасын» дамытуға және халық тұтынатын тауарлар түрлерін кеңейтуге ерекше мән берілетінін атап өтіп, кәсіпорын басшылығына сәттілік тіледі.

ҒЫЛЫМҒА КӨП КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне барып, білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және жоғары оқу орнын одан әрі дамыту стратегиясымен танысты.

Университетте 6 мыңнан астам студент оқиды. Жақында жаңа оқу-зертхана корпусы іске қосылған. Онда студенттер мен оқытушылардың түрлі тәжірибелер және ғылыми зерттеулер жүргізуіне барынша жағдай жасалған.

Мемлекет басшысына ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалаудың технологиялық мүмкіндіктері таныстырылды. Сонымен қатар Президент ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарына арналған лабораторияны аралап көрді. Онда студенттер ГИС-технология арқылы жерді қашықтан зондтау деректеріне талдау жасауды үйренеді.

Бұдан бөлек, Президентке конфигурациясы күрделі бөлшектер алу жөніндегі инновациялық әдістер, симуляциялық оқыту және практикалық дағдылар орталықтары көрсетілді.

Университет ректоры Ерлан Шұланов Мемлекет басшысына шетелдік жетекші университеттердің филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы жөнінде баяндады. Бүгінде М.Қозыбаев университеті АҚШ-тағы Аризона университетімен бірлесіп, қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды бастады.

Ректордың айтуынша, жоғары оқу орнының беделі оның профессорларына байланысты. Университет жас перспективті ғалымдарды белсенді тарту және кадрлық әлеуетті дамыту үшін белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Университетке АҚШ-тың мықты техникалық жоғары оқу орны – Вандербильт университетінен доктор PhD Рустам Гатамов, Гонконг университетінен облыстың тумасы Алексей Маликов оралған.

Жыл сайын университетке бөлінетін грант саны артып келеді және соңғы 5 жылда мектеп түлектерінің басқа жоғары оқу орындарына кетуі екі есе азайды. Бұдан бөлек, оқу орны жанынан 1 500 орындық 4 жатақхана салынып жатыр. Аталған жобаның жүзеге асырылуы жатақхана мәселесін толық шешуге мүмкіндік береді.

Президент университет оқытушыларымен және студенттермен әңгімелесу барысында еліміздегі білім саласының сапасын арттыру маңызды екенін атап өтті.

– Мен бұл салаға ерекше мән беремін. Аталған мәселелердің бәріне басымдық береміз. Себебі білім, білім мәдениеті болмаса, Қазақстан әрі қарай дами алмайды. Жақында біз Ғылым академиясына реформа жүргіздік, өте танымал әрі практик ғалымды президент етіп тағайындадық. Ғылым жөніндегі жоғары кеңестің бірінші отырысын өткіздім. Таяу арада сіздер де ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың қатарын толықтырып, мемлекетіміздің дамуына елеулі үлес қосасыздар деп санаймын. Мен жастарға сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы халықаралық озық тәжірибені енгізу және елімізде шетелдік оқу орындарының филиалдарын ашу қажет екеніне назар аударды.

– Біз жетекші университеттерді елімізде филиалдарын ашу үшін шақырып отырмыз. Мен Ресейдің техникалық университеттерін ынтымақтаса жұмыс істеуге шақырдым. Алматыдағы ҚазҰУ-да физика-техника және Атырауда мұнай-газ салалары бойынша Ресей университеттерінің бөлімшелері ашылды. Жақында Сиань қаласында болдым. Ол жерде де Қытайдың техникалық бағыттағы жоғары оқу орындары өз филиалдарын елімізде ашуына мүдделі екенімізді айттым. Мұның бәрі бізге пайдалы. Өйткені білім халықаралық ынтымақтастыққа жол ашады. Білімде шекара болмайды. Қарыштап дамып кеткен елдер бар. Артта қалып қойған, бірақ озық мемлекеттерді қуып жетуге талпынатын елдер де бар. Сондықтан бұл саланың перспективасы зор. Қазақстан білім саласын дамыту үшін алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылады деп ойлаймын. Мен сіздерге үлкен үміт артамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

Мемлекет басшысы сондай-ақ Сәбит Мұқанов атындағы Қазақ сазды-драма театрында зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, театр ғимаратын аралап көрді.

Осы шығармашылық ұжымда көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан театр директоры Біржан Жалғасбаев өнер ордасының ұжымы бертінге дейін «Энергетиктер сарайын» паналағанын, осы жылдар ішінде түрлі жанрда қойылымдар сахналап, халықаралық, республикалық байқауларда жүлде алғанын жеткізді. Оның айтуынша, жаңа ғимаратқа көшкен ұжым репертуарын жаңартуға, шетелдік және отандық өнер ұжымдарымен шығармашылық байланыс орнатуға мүмкіндік алды.

Президент «Мағжан» пьесасынан үзінді тамашалап, театрды аралады. Содан кейін Қызылжар өлкесінің зиялы қауым өкілдерімен және қоғам белсенділерімен әңгімелесті.

– Бірлігіміз – әралуандықта. Бұл – біздің ең басты ұранымыз әрі ұстанымымыз. Қазақ болсын, басқа ұлт болсын – бәріміз бір халықпыз. Сондықтан бәріміз халқымыздың, еліміздің өркендеуіне қызмет етуіміз керек. Баршаңызға бақ-береке тілеймін. Біз әрдайым бірге боламыз. Алға қадам басу үшін ауызбіршілігімізді, достығымыз бен тұрақтылығымызды көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Әрине, елімізде әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сипаттағы мәселелер бар. Проблемасыз ел болмайды. Тіпті, ең дамыған, бақуатты елдерде де проблема бар. Егер елде тәртіп болса, заң қатаң сақталса, көздеген нәтижеге қол жеткіземіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қоғам белсенділерімен елдің дамуы және өскелең ұрпақ тәрбиесі жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазақ әдебиетінің жарқын өкілі, ақын Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығын жоғары деңгейде атап өту қажет екенін айтты.

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕКІДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар осы аптада болатын іс-шараларды талқылап, 1 маусымда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Кеше Сенатта «Қазақстанның инвестициялық ахуалы және инвестициялық тартымдылығы» тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті. Іс-шара барысында сенаторлар Ұлттық экономика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Сыртқы істер министрліктерінің, жергілікті атқарушы органдардың және квазимемлекеттік сектордың өкілдерімен бірге еліміздің инвестициялық саясатына қатысты маңызды мәселелерді талқылайды.

Сонымен қатар Бюро мүшелері Палатаның алдағы отырысының күн тәртібін бекітті. Соған сәйкес бейсенбі күні депутаттар «2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл құжат Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа негізге алып және ЕАЭО Кеден кодексі туралы шарттың ережелерін назарда ұстай отырып, Келісімнің бірқатар бабына редакциялық және құқықтық сипаттағы өзгерістер енгізуді көздейді.

Сондай-ақ Палатаның отырысында «1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы» заң қаралады. Аталған заң мәдениетаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға арналған. Келісімді ратификациялау арқылы Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы дипломатиялық қатынастар кеңейе түседі деп күтіліп отыр.

Одан бөлек, Бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

«ТАЙТАЛАСТЫҢ» ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Кеше Астанада QazBioPharm ұлттық холдингінің ұйымдастыруымен «Пандемия сабақтары: Қазақстан тәжірибесі» атты халықаралық форум өтті.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Іс-шара барысында «QazVaC: ТАЙТАЛАС» деректі публицистикалық кітабының тұсауы кесілді. Бұл кітап коронавирустық инфекция пандемиясымен күрес кезінде отандық вакцинаны жасаған қазақ ғалымдарының еңбегіне арналған. «Пандемия аяқталды, бірақ онымен тайталас кезіндегі ғалымдар мен дәрігерлер еңбегі ұмытылмауы керек» деген мақсатпен жарық көрген кітапты Ұлттық ғылым академиясының басқарма президенті Күнсұлу Закарья таныстырды.

«Бұл кітап пандемиямен күрес кезінде отандық вакцина жасап шыққан қазақ ғалымдарының ерлікке барабар ісіне арналады. QazVac вакцинасы қалай жасалды? Қандай кедергілерді жеңуге тура келді? Вакцина шығаратын отандық зауыт қалай салынды? Оның маңызы қандай? Кітапты әзірлеуші топ вакцина жасауға қатысқан ғалымдардың өзімен, басшылық жасаған тұлғалармен жеке кездесіп, осы сұрақтардың жауабын оқырман назарына ұсынды. Пандемия аяқталды, бірақ пандемиямен күрес кезіндегі ғалымдар мен дәрігерлер еңбегі ұмытылмауы керек, кітап осы мақсатта жарық көріп отыр», – дейді Күнсұлу Закарья.

Сондай-ақ Ұлттық ғылым академиясының басқарма президенті короновирус пандемиясы қоғамның барлық саласы бір мақсатқа бірлесіп жұмыс істегенде ғана осындай сынақтардан тиімді қорғануға болатынын көрсеткенін айтты:

«Тіршілік болған жерде аса қауіпті індеттер болады, мысалы жақында ғана – 23 мамырда Женевада өткен жыл сайынғы ассамблеяда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері адамзатқа COVID-тен де зиянды жаңа пандемия қаупі бар екенін баяндады. Демек, болашақта біз кез келген қауіпке қарсы тұруға дайын болуға тиіспіз», – деді ол.

Жиынға қатысқан Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз сөзінде QazBioPharm ұлттық холдингі ғалымдарының ғылыми жобаларды іске асыру нәтижелеріне тоқталды:

«2020-2022 жылдары ғылыми зерттеулерді орындауға 30-ға жуық конкурс өткізілді, соның нәтижесінде гранттық қаржыландыру шеңберінде 1507 жоба және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 103 ғылыми-техникалық бағдарлама іске асырылуда. Олардың ішінде 6 ғылыми-техникалық бағдарлама және 49 гранттық жоба QazBioPharm ұлттық холдингі еншілес ұйымдарының ғалымдарының қатысуымен жүзеге асырылды. Ғылыми жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша өзекті инфекциялардың қоздырғыштарын, дәрілік заттар мен профилактикалық препараттарды, оның ішінде коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналарды анықтау үшін арнайы диагностикумдар әзірленді. Олардың ішінде Холдинг ғалымдары рекордтық қысқа мерзімде (47 күн) әзірлеген QazVac коронавирусына қарсы алғашқы қазақстандық вакцинаны атап өтуге болады», – деді министр.

Айта кетейік, биылғы мамыр айының басындағы дерек бойынша, QazVac вакцинациясын 5,5 миллионнан астам адам қабылдаған.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

(Басы 1-бетте)

«Барлығымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды, идеяларды насихаттауымыз керек. Еліміздегі саяси партиялардың дамуы, үлкен электоралды үрдістің орын алуы, жаңа Мәжіліс пен мәслихаттардың жасақталуы – саяси реформалардың бір бейнесі. «AMANAT» партиясы – негізгі саяси күш. Біз бұған дейін де партиямен тығыз жұмыс істедік, бірлескен жұмысты әрі қарай да жалғастырамыз», – деді ол.

Меморандум патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға және Қазақстан халқының дәстүрлерін сақтауға бағытталған бірлескен қоғамдық, мәдени-бұқаралық және ғылыми-тәжірибелік іс-шараларды өткізуді көздейді. Тараптар сондай-ақ, халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға және қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті дамытуға бағытталған бірлескен диалог алаңдарын ұйымдастыру туралы уағдаласты.

Айта кетейік, партия сайлауалды бағдарламасы аясында театрлар, кітапханалар, коммуникациялық, білім беру және демалыс орталықтарын қоса алғанда, еліміз бойынша жыл сайын үш жүз мәдениет нысанының құрылысы мен жаңғыртылуын қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар мәдениет, мұрағат және кітапхана қызметкерлерінің жалақысы екі есеге артады.

Еске сала кетейік, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт бірлігін нығайту және этносаралық қатынастарды үйлестіру жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі аспектілеріне тоқталған бағдарламалық сөз сөйледі.

ТҰРҒЫНДАР ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУДА

Түркістан облысының Сауран ауданына қарасты Қарашық ауылы округінің тұрғындарына қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында «Қарызсыз қоғам» оқу семинары өтті. Пилоттық жоба аясындағы өткен оқыту семинарына 70-ке жуық ауыл тұрғыны қатысты.

Қаржы сарапшысы Жандос Әзімбай курсқа қатысушыларға қаражатты қалай жұмсау керектігі жайында толық ақпарат берді. Өз қаражатын тиімді басқаруды үйрену, қаржыға қатысты мәселелер қалай пайда болатынын және алаяқтық әрекеттерді қалай анықтау қажеттігі үйретілді.

Оларға ел экономикасын арттыруда халықтың атқарар рөлі маңызды екені, сондықтан өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қаржылық сауаттылығын арттыру аса қажеттілік тудырып отырғаны түсіндірілді. Мамандар семинарға қатысушыларға қаржыны игеру, аса қажеттілік болмаса несиеге ұрына бермеу жайында жан-жақты дәйекті деректермен, мысалдармен жеткізді.

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Алтынсары Үмбеталиев қаржылық сауаттылық сабақтарынан білімін арттырған ауыл тұрғындарына сертификат табыс етті.

«Бүгінде 6,3 миллионға жуық қазақстандықтың банктік несиелері өтелмеген. Сонымен қатар 1,2 миллион қазақстандық микроқаржы ұйымдарынан несие алған. Бұл азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатына әсер етеді. Қолжетімді несиелер, қаржы ұйымдарының жоғары пайыздық мөлшерлемелері, ең бастысы, қаржылық сауаттылықтың төмендігі – жыл сайын халықтың қарызының өсуін арттырады. Тұрғындардың қарыз ауыртпалық мәселесі жүйелі шешімді қажет етеді. Қазіргі уақытта 1 миллионнан астам адам кем дегенде бір несиесін кешіктіріп отыр. Сол себепті қаржылық сауаттылық бойынша алған білімдеріңіз өздеріңізге тиімді қызмет етсін», – деді Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Сонымен қатар Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Шорнақ бастауыш партия ұйымының төрағасы Баймахан Сүлейменов білімін жетілдірген тұрғындарға алдағы уақытта та ұрпаққа үлгі боларлықтай сауат арттыруды жалғастырып, қарызсыз қоғамды қалыптастыру барысында айналасына үлгі болып, білгенін өзгелермен бөлісіп жүру қажеттігін атап өтті.

Қараша айына дейін жалғасатын осынау жобаға кез келген тұрғын қатыса алады. «Қарызсыз қоғам» оқу семинарына қатысқысы келетіндер тұрғылықты жерде орналасқан «AMANAT» партиясының аудандық филиалына хабарласып, тіркелуі қажет.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

Еліміздегі жеті әуежайда әуе айлақтарға берілетін жарамдылық сертификатының қолдану мерзімі өтіп кеткен. Соған қарамастан, олар штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдаудың қымбатшылығы және ұшу қауіпсіздігі мәселелері «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Республикалық кеңестің отырысында талқыланды.

Салада орын алған қазіргі жағдайды депутаттар «баға бейбастығы» деп атап отыр. Осылайша, Кеңестің жұмыс тобы азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін бақылау және қадағалау жөніндегі қызметтің тиімділігін зерттеп, көңіл көншітпейді деген қорытындыға келді. 2022 жылы қазан-желтоқсан айларында Ақтөбе, Зайсан, Балқаш, Шымкент, Павлодар қалаларындағы әуежайларда әуе айлақтарға берілетін жарамдылық сертификатының қолданылу мерзімі аяқталды. Ал Атырау және Қостанай әуежайларында биыл ақпанда аяқталды.

«Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ биыл ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік бойынша 400-ден астам тексеру жүргізуді жоспарлап отыр. Алайда Кеңестің жұмыс тобы мүшелерінің қатысуымен жоспардан тыс іріктеп тексеріс жүргізу жөніндегі ұсыныстан олар бас тартты. Себебі аталған ұйым әуежайларға жоспардан тыс тексеру жүргізе алмайтын көрінеді. Бұған қарап, жарамдылық сертификаты мүлдем маңызды емес деген ойда қаламыз», – деді партиялық бақылау инспекторы Венера Есілбаева.

Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің (ҚАӘ) басшылығы Кеңес отырысына қатысқан жоқ. Атап айтқанда, бас директор Каталин Раду бірнеше аптадан бері партиялықтармен кездесуге уақыт таба алмады.

«Бізге партиядан тиісті өтініш келіп түсті. Оған қатысты жауабымды жолдадым. Ол кезде бас директор іссапарда жүрген еді. Кейін денсаулығына байланысты қашықтан жұмыс істеді. Ал дәл осы отырысқа ол халықаралық конференцияға қатысатындықтан келе алмады», – деді ҚАӘ ішкі қауіпсіздік жөніндегі аға инспекторы Нұрлыбек Сыздықов.

Сондай-ақ партиялықтар ішкі әуе тасымалындағы қазіргі баға деңгейін талқылады. Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров билеттің қымбатшылығына шағымданатын азаматтар саны күн санап артып бара жатқанын атап өтті.

«Адамдар Air Astana және FlyArystan-ның баға саясатына тәуелді. Тұтынушыға қамқорлық жасалмайды. FlyArystan-ның билет құнына қарап, бұл компанияны лоукостер деп айтуға ауыз бармайды. Отандастарымыз Астанадан Парижге ұшып баруға жететін қаражат жұмсауға мәжбүр. Оралдан Алматыға дейінгі билет құны 80 мың теңгеге дейін шарықтайды. Ал шетелде ұшаққа отырсаңыз, дәл осы сома әлемнің жартысын айналып өтуге жетеді. Міне, елімізде әуе тасымалының қаншалықты қымбат екенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Бұл қаражат қайда кетіп жатыр? Air Astana коммерциялық компания ретінде жұмыс істейді. Бірақ қазіргі қызметі ұлттық тасымалдаушы мәртебесіне сәйкес келмейді. Ол тек өзіне бірлеген айрықша мәртебе мен мемлекет қорғауын ғана пайдаланып отыр. Алайда әлеуметтік жауапкершілік те болуы керек. Соның салдарынан бәсеке де болмайды, баға да тұрақтанбайды», – деді Ерлан Саиров.

Бұл пікірмен Кеңес мүшесі, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан да келісіп отыр. Сондай-ақ ол отандық әуе компанияларына тең жағдай жасалмаған деп есептейді.

«Депутат ретінде ғана емес, тұтынушы ретінде де пікір білдіргім келіп отыр. Салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар. Себебі тек бір компания – Air Astana үшін ғана барлық жағдай жасалған. Мәселен, Scat-тың рейсін неге бірнеше сағат күтеміз осы? Бұл жағдай адамдардың ашу-ызасын туғызады. Ал Scat қызметкерлері болса, барлық жағдай тек Air Astana үшін ғана жасалып жатқанын айтады. Елімізде арзан бағамен тасымалдаушылар пайда болуы үшін әуе кеңістігіміз бәсекеге қабілетті болуы керек», – деді ол.

Бұған жауап ретінде ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Алмаз Ыдырысов ИИДМ тарапынан ешқандай компанияға мемлекеттік қолдау мен қорғау жасалмайтынын атап өтті. Министрлік тек ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

«Air Astana – «Самұрық-Қазына» қорына қарасты компания. Тиісінше, стратегиялық міндеттерге де солар жауап беруі тиіс. Ал баға мәселесіне келетін болсақ, оны ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі белгілейді. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, авиабилет құнын белгілеу мәселесі заңнамалық тұрғыда реттелмейді. Оны авиакомпаниялар нарық шартына сай айқындайды. Қазақстандық авиакомпаниялар авиабилеттерге баға белгілеу кезінде динамикалық баға белгілеу жүйесін қолданады», – деді вице-министр.

> *«Әуеайлақ маңынан 15 шақырым радиус аумақта мал сою алаңдары, ауыл шаруашылығы алқаптары, мал базарлары, сондай-ақ тамақ қалдықтарын тастайтын орындар анықталды. Жолаушылар әуежайдың айналасы қоқыстан көрінбейтінін айтады.*

Сонымен қатар тағы айта кетерлік мәселе, еліміздегі барлық әуежайдың айлақ маңындағы аумағында рұқсат етілмейтін нысандар, тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, қоқыс үйінділері, тіпті қасапханалар бар. «Бұл жолаушылардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіреді» деп санайды «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңес мүшелері.

Партия хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, Шымкент қаласы әуежайының санитарлық қорғау аумағында 187 тұрғын үй орналасқан, олардың 128-інің толық рұқсат құжаттары бар.

«Менің сұрағым әкімдікке де, азаматтық авиация комитетіне де бағытталады, оларға қандай негізге сүйеніп рұқсат берілген? Рұқсат құжаттарын сіздер бермеген болсаңыздар, онда олар мұның бәрін қалай рәсімдеді? 12 адамның өмірін қиып, тағы 47 адам жарақат алған Алматыдағы қайғылы оқиғаны ешқайсымыз да ұмытқан жоқпыз. Біз әуежай маңында тұратын адамдармен сөйлестік, олар үйіне ұшақ құлап кете ме деп қорқады, тіпті, ұшақтардың моделін дыбысына қарап-ақ ажырата алатын жағдайға жеткен. Бұл отбасылардың мәселесін шешу керек», – деді ол.

Бұған жауап ретінде Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Тимур Тілегенов заңнамада әуежайлардың 4 шақырым аймағында құрылысқа тікелей тыйым салынбағанын, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қызметті жүзеге асыруға ғана шектеу қойылғанын атап өтті.

«Жалпы алғанда Шымкент әуежайының 4 шақырымға дейінгі айналасына толығымен құрылыс салынған, бірақ соның ішінде 70 нысан аса үлкен кедергі келтіріп тұр. 25 үй және 45 темір-бетон электр жабдықтау бағанасы бар, әкімдік оларды ысырып, ұзындығын қысқартып жатыр. Бұл үйлердің барлығы 10 жылдан астам уақыт бұрын өз бетінше рұқсатсыз салынған. Үйді салып алып, содан кейін ғана заңдастыруға өтініш берген. Бұл мәселе бойынша үкіметтік комиссия жұмыс істеп жатыр», – деді ол.

Партиялықтар еліміздегі әуежайлардың айналасындағы қоқыс полигондарының мәселесін де назардан тыс қалдырмады. Атап айтқанда, Алматы әуежайының 15 шақырымдық аймағында Алматы облысы тарапынан 351 қоқыс төгетін орын табылды, оның 247-сі ғана жойылды. Бұл ұшу үшін қауіпті жағдай тудырады. 2022 жылы ұшақ құстармен соқтығысқан 46 жағдай тіркелсе, Оңтүстік астананың әуе айлағында осындай 23 оқиға орын алды. Атырау қаласының әуежайы маңындағы жағдай да көңіл көншітпейді.

«Әуеайлақ маңынан 15 шақырым радиус аумақта мал сою алаңдары, ауыл шаруашылығы алқаптары, мал базарлары, сондай-ақ тамақ қалдықтарын тастайтын орындар анықталды. Жолаушылар әуежайдың айналасы қоқыстан көрінбейтінін айтады. «Хиуаз Доспанова халықаралық әуежайы» АҚ 2016 жылдан бастап Атырау қаласының әкімдігіне қалалық қоқыс алаңын басқа жерге көшіру туралы бірнеше рет хат жолдады. Алайда барлық хат жауапсыз қалды», – деді партиялық бақылау инспекторы Венера Есілбаева.

Мәжіліс депутаты Ерлан Әбдиев әуе тасымалдаушылардың әлеуметтік жауапкершілігі мәселесін қозғады. Ол Қазақстаннан басқа, әлемнің көптеген елінде оның ішінде Өзбекстанда, Қырғыз республикасында және Ресейде ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін әуе билеттері жеңілдікпен сатылатынын алға тартты.

«Мүгедектігі бар адамдар үшін әуе көлігімен қатынау дұрысырақ. Себебі теміржол мен автокөлікке қарағанда ұшақта жоғары сервис пен барлық жағдай бар. Бұл, әсіресе, қимыл-қозғалысы шектеулі азаматтарға қатысты. Неге отандық әуекомпаниялар мүгедектерге де, оларды алып жүретін адамдарға да жеңілдік бермейді? Бұрын осы тақырыпқа қатысты депутаттық сауал жолдаған болатынмын», – деді халық қалаулысы.

Жиын қорытындысы бойынша Кеңес өңірлердің әкімдіктеріне әуежайлардың маңында рұқсат етілмеген құрылыс мәселесін шешуді және айлақ маңындағы қоқыстарды жою жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды.

Ерке ЕРҚОҢЫР

Қазақ тарихында қанды әріппен жазылған ашаршылық жылдары күн өткен сайын зерттеу мен зерделеуді қажет етіп отыр. Себебі бүгінгі күннің ұрпағы өткенін тануы, тамырынан ажырамауы керек. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына орай, Сенат Төрағасының бастамасымен ақтаңдақ жылдарға қатысты тарихи құжаттарды жан-жақты зерттеу және талдау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жақында «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Деректі хроника» атты еңбектің 6-7 томы көпшілікке таныстырылды. Біз Сенат депутаты Нұртөре Жүсіпке хабарласып, жинақта жарық көрген тың деректер жайлы сұрадық.

Нұртөре ЖҮСІП,
сенатор:

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ТЕРЕҢ ЗЕРТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

– Бұған дейін Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған бес томдық жинақ жарық көрді. Оған тағы екі том қосылып отыр. Зобалаң жылдарға қатысты тың деректер мен құжаттарды жинау қиынға соқпады ма?

– Біздің қазақ үшін XX ғасыр сұмдық сұрапыл оқиғаларға толы болды. XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең. Әсіресе, 1921 және 1931-1933 жылдар аумағын қамтыған ашаршылықтың зардабы айрықша болды. Халқымыздың тең жартысынан астамы қырылды, қалғаны кейін репрессияға ұшырады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады. 2020 жылы Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы бастаманы көтерді, арнайы жарлық шығарды. Бүгінгі күні осы бастаманың аясында мемлекеттік комиссия құрылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Көптеген ақтаңдақ ашылып жатыр.

Соңғы екі жылдың ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасына орай Сенат Төрағасының бастамасымен ашаршылық тақырыбына арналған бес томдық құжаттар жинағы әзірленді. Ашаршылық тақырыбы кейінгі кездері ғана кеңінен зерттеле бастады. Кеңес кезінде бұл мүлдем жабық болды. Қазіргі таңда қазақ халқының жартысына жуығы қырылған 1930-32 жылдардағы ашаршылық біршама зерттеліп жазылғанымен, 1921-22 жылдардағы ашаршылық жөнінде біреннсаран еңбектерде болмаса, ақиқат әлі толық ашыла қойған жоқ. Біз осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат еттік.

Қазақ тарихындағы қасіретті кезеңге саяси баға беру үшін әуелі терең зерттеулер жүргізіп, толық зерделеу қажет. Бұл үшін шаң басқан архивтерді мың қайтара ақтарып, кезінде «құпия», «аса құпия» деген құжаттарға қол жеткізу, оның бәрін ғылыми түрде жүйелеу – маңызды іс. Бұл жұмыстар білікті ғалымдардың қатысуынсыз атқарылмайтыны тағы белгілі. Сондықтан біз Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің ғалымдарын іске тарттық. Тарихты тану, өткенді ұмытпау, терең зерделеу – ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық дүниетаным қалыптастыру ісінде айрықша мәні бар тірлік. Сондықтан алдағы уақытта Сенаттың бастамасын тиісті мемлекеттік органдар мен ғылыми институттар қолдап, зерттеулер жалғасады деп ойлаймын. Осы ретте жинақтың жарық көруіне атсалысқан ғалымдарға, архивтердегі мамандарға, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұжымына, Мәдениет және спорт министрлігіне алғыс білдіре кеткен артық емес. Марқұм Талас Омарбеков, Ерлан Сыдықов, Альбина Жанбосынова, Ерлан Сайлаубай секілді тарихшы ғалымдар атсалысты. Соның арқасында бұрын еш жерде жарияланбаған бірегей құжаттар жиналды. Бастапқыда екі том, сосын үш том сүбелі еңбек жарыққа шықты. Тақырып ауқымының кеңдігі мен тереңдігі сондай томдарға том қосылып жатыр. Бес томдықтан кейін де жұмыс тоқтамай, жалғасын тапты. Аталған жинаққа жаңа екі том қосылып отыр. Сіздің сауалыңызға келсек, зобалаң жылдарға қатысты деректерді жинау, архив ақтару, құжаттарды електен өткізу және сұрыптау оңай тірлік емес. Осы орайда жинақты әзірлеу ісіне белсене атсалысқан тарихшы ғалымдарға айтар алғысымыз шексіз. Олардың күнмен, түнмен санаспай жасаған қажырлы еңбегінің нәтижесі көрініп жатыр. Өткен аптада осы екі томдықтың тұсаукесер рәсімі Қарағанды облысы Долинка елді мекеніндегі КарЛАГ-та өткізілді. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық

> *Бұл жеті томдық жинақ – Сенаттың ашаршылық тақырыбын зерттеуге қосқан нақты үлесі. Бұл бағыттағы жұмысты әрі қарай жалғастырудың маңызы зор.*

құрбандарын еске алу күні қарсаңында қасіретті кезеңнің ізі қалған «ҚарЛАГ» музейіне арнайы барып, бабалар рухына тағзым еттік. Көпшілікке аталған жинақтың жаңа 6-7-томдарын таныстырдық. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев «Бұл жеті томдық жинақ – Сенаттың ашаршылық тақырыбын зерттеуге қосқан нақты үлесі. Бұл бағыттағы жұмысты әрі қарай жалғастырудың маңызы зор. Сол себепті, Сенаттың бастамасын тиісті мемлекеттік органдар мен ғылыми институттар қолдап, зерттеулер жалғаса береді», – деді.

– Бұл кітаптарда еш жерде жарияланбаған, бұрын-соңды айтылмаған ақпарат бары рас па? Мысал келтіре кетсеңіз?

– Әрине, тарихтың әлі зерттелмеген беттері көп, әрі қарай бұл бағытта зерттеу жұмыстары жалғасады. Жеті томдыққа 1708 құжат енген. Кеше тұсауы кесілген 6-7-томда 294 тарихи құжат бар. Авторлардың айтуы бойынша, материалдардың 90,5 пайызы тұңғыш рет ғылыми айналымға түсіп отыр. Бұл деректер, өз кезегінде, ғалымдардың зерттеуі үшін ауқымды құжаттамалық база болатыны сөзсіз.

Деректер мен құжаттарды жинауға келсек, өздеріңіз білетіндей, деректерді жинау және өңдеу жұмыстары – көп уақытты қажет ететін процесс, сонымен қатар деректердің құпиялылығы мәселесін де ескеру қажет. Өйткені бүгінгі күнге дейін көптеген мәліметте құпиялылық белгісі бар. Сондықтан бұл деректерді алу ерекше тәсілді қажет етеді.

Қазіргі таңда 7 том жарық көрді. Бұл томдарда өткен ғасырдағы оқиғалар туралы көптеген ақпарат бар, атап айтқанда, қазақ ауылдарын күштеп ұжымдастыруға байланысты қайғылы оқиғалар сипатталған. Күштеп тәркілеу және байларды жою саясатының нақты салдары деректермен ашылады. Қазақ ауылдарындағы таптық шиеленіс пен наразылық көңіл-күйінің қандай болғанын көруге болады. Бұрын-соңды болмаған экономикалық катаклизмдердің, әлеуметтік-демографиялық сілкіністердің және қазақ даласындағы ауқымды ашаршылықтың бастауы болған ең терең аграрлық дағдарыс жөнінде толыққанды мәлімет бар.

– Жинақ деректі хроникалық туынды түрінде жарық көрді. Неге?

– Бірден ашып айтатын нәрсе: бұл жинақтарда болған оқиғаларға баға беру, сол кезеңдерге сырттай сипаттама жасау деген жоқ. Барлық құжаттар сол дәуірдегі ресми құжаттар төңірегінен туындайды. Жинақтағы барлық дерек жарлықтарға, қаулыларға, қарарларға, хаттамаларға, қорытындыларға, анықтамаларға, статистикаға, сондай-ақ болған оқиғаның объективті бейнесін беретін азаматтардың өтініштеріне негізделген.

– Тәуелсіз елдің ұрпақтары сол кезеңнің шындығына қаншалықты жете алды?

– 1932-1933 жылдары болған ашаршылыққа келер болсақ, ғалым Талас Омарбеков 2 миллион 300 мың адамның опат болғаны туралы жиі айтатын. Ол мұрағат құжаттары негізінде жалпы қырылған қазақтың санын 4 млн 836 мың деп тиянақтап берді. Кейбір тарихи деректерде, 1932 жылғы ашаршылықта жалғыз қазақ емес, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің бәрі, яғни 250 мыңға жуық өзге ұлт өкілі қырылған деген де деректер бар. Жас ұрпақ мұның бәрін білуі қажет. Тек біліп қана қоймай, мұндай құрбандықтың ұлт өсіміне келтірген залалы мен зардабын терең сезінуі қажет. Кезінде «Жас тұлпар» ұйымының жетекшісі болған Мұрат Әуезов: «1932 жылы миллиондаған қазақтар құрбан болды, олардың ішінде білімді азаматтар да кетті. Мұның бәрін, қазіргі біздің жастар білуге тиіс және есте сақтауы керек», деп әрдайым еске салып отыратын. Сол кісі айтқандай, Тәуелсіздік ұрпақтары өз тарихын, оның ішінде тарихи ақтаңдақтарды жақсы білуге тиіс.

Жинақтарда сол кездегі көптеген толық ақпарат, соның ішінде бұрын құпиялылық белгісі болған немесе жай ғана жарияланбаған мәліметтер бар. Кітаптар тарихи оқиғалар мен фактілермен нығайтылған. Сондай-ақ оларда аштықтың алғышарттары мен қайғылы салдары туралы ақпарат бар. Барлық құжаттар еліміздің орталық және облыстық мұрағаттарынан алынды. Басқа елдердің мұрағаттарынан алынған фактілер де енгізілді. Нәтижесінде, бұрын жабық болған бірқатар құжат көпшілікке қолжетімді болды.

– Жинақта күні бүгінге дейін талас тудыратын ашаршылықтан қырылған халықтың саны туралы да тың деректер келтіріліпті. Дегенмен сол кезеңде санақ жүргізген жауаптылардың түгелі дерлік ату жазасына кесілгені шын ба?

– Кеңес заманында демографиялық көрсеткіштер көбінесе жалпылама үгіт-насихат мақсатында қолданылғанын білесіз. Жинақта келтірілген мәліметтер тек сол кездегі материал мен статистикаға негізделген. Кеңестік режимнің, әсіресе 1932-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық кезеңінде, демографиялық статистиканы жинау, қалыптастыру жүйесі қатты бұзылған. Сондықтан бұл мәселе әлі де терең зерттеп, зерделеуді, сондай-ақ кезі келгенде тарихи бағалауды қажет етеді.

– Байлардың құдалауға ұшырап, жер аударылғандары жайлы да айтылады. Бұлардың арасында дәулеті жетпесе де, жазықсыз құдалауға ұшырағандары болып па?

– Тарихи деректерге сүйенсек, сол жылдары қоғамдағы әлеуметтік мәртебеге немесе жағдайға қарамастан, әрбір екінші адам құдалауға ұшыраған. Халыққа келтірілген залалды бағалау өте қиын, өйткені статистика әртүрлі. Алдында 10-15 жылқысы бар шағын дәулетті адамдар жаппай жазалау құрығына ілігіп кеткен. Мұның бәрін аталған жинақтардан таба аласыз. Негізінен келтірілген залал өте зор болды деп болжауға болады. Мән-жайды толығымен білу үшін тарихи деректерді әрі қарай мұқият зерттеу керек. Бұған бір мәселені қоса кеткім келеді. Кеңестік большевиктік билік бірінші кезекте елдің оқыған, көзі ашық адамдарын құртты. Репрессиялық машина алдымен діни сауаты бар адамдарды – имамдар, қожа, молдаларды турап тастады. Содан кейін қалың елдің аса ірі байларын, дәулетті адамдарын тағдыр таукыметіне ұшыратты. Осыдан кейін барып қазақтың кілең саяси элитасын жалмады...

– Тарихтың ақтаңдақ беттері қаншалықты ашылды? Алдағы уақытта осы еңбектің жалғасы бола ма?

– Тарих – бұл өткенді, тарихи оқиғалардың өзгеруінің нақты фактілері мен заңдылықтарын, қоғамның эволюциясын және оның ішіндегі қарым-қатынастарды зерттейтін ғылым. Дәлірек айтсақ, тарих – бұл оқиғалар тізбегін, сипатталған фактілердің объективтілігін анықтау және оқиғалардың себептері туралы қорытынды жасау үшін өткен туралы барлық дереккөздерді зерттейтін құрал. Жарық көрген кітаптардағы барлық фактілер мен оқиғалар тек тарихи деректерге негізделген. Бұл кітаптарда архивтерде және жабық мекемелерде сақталатын мәліметтер көлемінің аз ғана бөлігі қамтылған. Осыған байланысты зерделеу бағытындағы жұмыстары әрі қарай жалғасын табады деп ойлаймын.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

КЕМЕҢГЕР ҚАДЫРБАЕВ

Қостанайда облыс әкімдігі мен Алаш ғылыми зерттеу институты «Алаш ардақтысы Сейдәзім Қадырбай: тұлғасы, мұрасы, қайраткерлігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды.

Басқосуда өз заманында Алаш ұлт-азаттық қозғалысы мен оның көрнекті өкілі болған әскери қайраткер, заңгер әрі публицист Сейдәзім Қадырбайдың ғылыми-шығармашылық мұрасы, қоғамдық-саяси қызметі турасында әңгіме өрбіді.

Сондай-ақ «Алаш кітапханасы» сериясы бойынша жарық көрген «Сейдәзім Қадырбай Алаш заңгері» және түрік тілінде шыққан тағы бір зерттеу кітабының тұсауы кесілді.

Тарихшылардың айтуынша, Сейдәзім Құлмағамбетұлының қызметі мен шығармашылық мұрасы әлі толық насихатталмай отыр.

«Сейдәзім Қадырбай – Алаш идеясының төңірегінде қызметтік, әскери, ғылыми, құқықтық, заңгерлік, журналистік, басқа да салаларда мемлекеттің жазалау саясатына ұшырап, қудалау мен қуғын-сүргін көрген тұлғаның бірі де бірегейі болды. Өкінішке қарай, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығында қуғын-сүргін құрбандарын, оның ішінде 1920-1950 жылдары қазақ халқының ұлттық бостандығы, Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін советтік кезеңде саяси қуғын-сүргін құрбаны болған «қаһарман» күрескерлерді (яғни қаһармандар) толық саяси ақтау көзделген. Сейдәзім Қадырбайұлының ардақты есімі 1966 жылы ақталса да, қоғамда оның қандай тұлға екені, қызметі мен шығармашылық мұрасы толық насихатталмай келді. Тек соңғы 5-6 жылдың айналасында ғана Сейдәзім Қадырбайдың Алаш қайраткері, заңгер-ғалым, публицист, ұлттық әскерімізді құрушылардың бірі ретінде айтыла бастады. Бүгінгі конференция сондай шаралалардың бірі. Сонымен қатар өзінің туған өлкесі Қостанай өңірінде алғаш рет ұйымдастырылып отыр», – дейді Qyr balasy қоғамдық қорының негізін салушы, алаштанушы Елдос Тоқтарбай.

Негізінен Сейдәзім Қадырбаев атына жеке конференция ұйымдастыруды Тарғын Әбенов ақсақал бастама етіп көтерген.

«Осыдан кейін С.Қадырбайдың тұлғасын тану, зерттеу мен зерделеу мәселесін қолға алдық. 2019 жылы алғаш рет атақты заңгердің шығармашылық мұрасы жинақталып, мемлекеттік бағдарлама аясында 2021 жылы жарық көрді. Әлихан Бөкейхан Алаш ғылыми зерттеу институты және Сейдәзім Қадырбайдай Алаш арысының ұрпақтарының ұйымдастыруымен тағдырының соңғы кезеңдері өткен Воронеж қаласына тарихи-танымдық экспедиция ұйымдастырып, архивтік тың мәліметтер негізінде деректі фильм түсіріліп шықты. Сондай-ақ «Міржақып. Оян, қазақ!» көркем фильмінде (режиссері – М.Есжан) Сейдәзім бас кейіпкер Міржақып Дулатұлының айнымас, қандыкөйлек досы ретінде сипатталып, көрерменнің ықыласына бөленді.

Сейдәзім Қадырбай да өз білімін, мансабын, күш-қуатын сарқа жұмсап, тең емес жағдайға қарамастан, большевик-сталиндік билікке қарсы ымырасыз күрес жүргізген тұлға», – дейді Е.Тоқтарбай.

Сейдәзім Қадырбай – заңгер, құқық саласының білгірі. Қазақтың саяси-құқықтық ойлау ілімінің қалыптасуына, дамуына үлес қосқан, қазақ тілін заң тіліне айналдырған тұлға. Құқықтық-саяси құжаттар мен нормаларды жүйелеген, бүгінгі біз білетін көптеген термин мен ұғымды қазақылаған, заң ісімен теориялық-тәжірибелік тұрғыда қатар айналысқан маман.

1905-1920 жылдары Алаш ұлт-азаттық қозғалысының сапында болған.

1922-1929 жылдар аралығында Қазақ АКСР Юстиция Халық Комиссариатының заң шығару және сот ісін бақылау бөлімінде меңгеруші қызметін атқарған. Совет үкіметі орнағаннан кейін Наркомюстта (Бүгінгі Әділет министрлігі) жауапты қызмет атқарған азамат әр жылдары «Нотариат туралы заң, ереже, нұсқаулар» (1928), «Жер заңы» (1927), «Ақылы істерді жүргізу заңы» (1930), «Ақы заңы» (1926), «Неке, үй-іші және қамқорлық туралы заң» (1930) кітаптарын жазып, шығарды. Кейбірін орыс ғылымынан аударып, қазақша сөйлетті. Өкінішке қарай, Сейдәзім де қуғын-сүргін құрбаны болды. 1929 жылы «Халық жауы» деген айып тағылып, Воронежге жер аударылады. 1938 жылғы 11 қазанда Сейдәзім Қадырбай ату жазасына кесілді. Денесі Воронеждегі қуғын-сүргін құрбандарының зиратына жерленген.

«ОЛАРДЫҢ БІРІН ДЕ ҚАЛДЫРМАЙ ЖОҚ ҚЫЛУ КЕРЕК...»

1937 жылы қазақ зиялыларын айыптау мен қуғындау бұрынғыдан бетер күшейіп, шарықтау шегіне жеткені белгілі. Алашордашылардың әр басқан қадамынан теріс пиғыл іздеп, оларға кінә тағу да қалыпты іске айналды. Одан бөлек, бұқараның мұсылманшылықты берік ұстанған өкілдерін жау етіп көрсету саясаты да жүргізілді. Біз «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы нөмірлерін парақтап отырып, сол жылдардағы зұлматтың салқынын сезгендей болдық...

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Елдар КАБА (*коллаж*)

«СҰМ ЖЫЛАНДАРҒА АЙАУШЫЛЫҚ БОЛМАСЫН!»

«Социалды Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 9 қаңтардағы нөмірінде «Қалық дұшпандарын түгел әшкерелеп, көзін мүлде құртайық!» тақырыбымен алғашқы бетте айғайлап тұрған мақаланы көзіміз шалды. Ол Сталиннің мынадай сөзімен басталады:

«Собет мемлекетінің күші артқан сайын, өліп бара жатқан таптардың ақтық қалдықтарының қарсыласуы күшейе беретіндігін есте сақтау керек. Олар дәл өліп бара жатқандықтан, өмірінің ақтық күндерін өткізіп бара жатқандықтан, тарпа бас салудың бір түрінен екінші түріне, басым түріне көше бермек, қалықтың артта қалған қабаттарына шығып, оларды собет үкіметіне қарсы жұмылдырмақ....»

Ардақты көсеміміз Сталин жолдастың бұл болжағыштық сөзі өмірде болған талай-талай пактілермен сипатталды. Собет елінің жаулары сотсиалистік құрылыстағы табыстарымыз күшейген сайын қарсылығын, зийанкестігін күшейте түсті. Суға кеткен тал қарманады деп, өздерінің ақтық күндері жеткенін біліп, елімізге талай рет зұлымдана тарпа бас салуға ұмтылып көрді. Бұл ретте пашистердің қарғылы төбеттері, жендеттері болып отырған тротскийшіл-зинобиепшіл сұрқийалардың өткен жолы, басынан кешкен өмірі өте бір көрнекті пакт».

Осылай дей келе, мақаланың бел ортасында кеңестік саясатқа қарсы шыққандарға қатысты аяусыз үкім шығарылуы керегі сөз болады:

«Қазірде бұл бандылар бүкіл қалқымызға ата жау болып көрініп отыр. Бұл бандыларға бүкіл қалқымыздың қаһары тігілуде. Сотсиалисзм отанын құлатпақ болған, ұлы Конституцсиаға алтын мен жазылып отырған бүкіл табыстарымызды жоқ етпек болған бұл бандылар жөнінде қалқымыздың айтқаны, айтып отырғаны: сұм жыландарға айаушылық болмасын, атылсын! – деген қаһарлы үкім».

«Сұрқия», «сұм жылан», «банда», «атылсын» деген тәрізді сөздерден-ақ сол кездегі саясаттың қаншалықты радикал қадамдарға жол бергенін түсінуге болады. Мақалада троцкийшіл-зиновьевшілдермен бір қатарға қазақ ұлтшылдары да тұратыны айтылады:

«Қазақ ұлтшылдары да пашизмнің тура нұсқауымен зийанкестік істер жүргізген. Олай болса, ұлтшылдарды тротскийшілдерден бөліп қарауға тырысушылар, оларға жеңілдік беруге тырысушылар пашизм агенттерінің нағыз адбокаты, қорғаушысы болып табылады. Бұл олардың шын жауыздығын, зұлымдығын бүркеуге, жасыруға тырысқандық. Ұлтшылдардың көздейтіні де осы. Олар кей бір адамдардың, кей бір орындардың аңқаулығы мен пайдаланып, аппаратқа, партийа қатарына кіріп алып, өздерінің зийанкестік істерін жүргізуді көздейді.

Автор сөзін қорытындылай келе, оқырманға тағы да қатыгез ұран тастайды:

«Партийа қатарында, собет, шаруашылық мекемелерде бірде бір тротскийшіл-зинобиепшіл, ұлтшыл бандылар қалмауы керек! Олардың бірінде қалдырмай жоқ қылу керек. Қалық жауына еш бір рақым жоқ! Жайбарақаттыққа салынуға еш бір жол жоқ!».

«НАҒЫЗ ОҢБАҒАН ПРЕДАТІЛДІКТІҢ ТАРИХЫ»

Газеттің 1937 жылдың 12 қаңтары күнгі №10 санында да қазақ ұлтшылдарын, оның ішінде алашордашыларды «сұр жылан», «предатіл», «дұшпан», «зиянкес» деп айыптайды. Материал «Қазақ болшебиктерінің міндеті – Қазақ ұлтшылдарына қарсы баса күресу» тақырыбымен берілген:

«Қазақтың байлары, предатіл алаш-ордашыл интеллигентсиасы мен ынтымақтасып алып, алашорда қозғалысын туғызды. Бұл қозғалыс қазақ қалқына қарсы, қазақ бұқарасының реболутсиашыл азаттық қозғалыстарына қарсы бағытты көздейді. Алашорда қозғалысының тарихы – мәмлешілдіктің тарихы, қазақ қалқының тілегін ақырына дейін сатқан нағыз оңбаған предатілдіктің тарихы».

Мақала авторы алашордашылар әрекетін тыңшылыққа, диверсияға, тіпті террорға теңейді:

«Алаш-ордашыл, тротскийшіл, оңшыл және ұлтшыл-уклонис азғындар предатілдік істеуде өз ара ынтымақтасып отыр. Капитализмді қайта орнатпақ болған, лениндік-сталиндік интернатсионализмді бұзбақ болған әрекеттерін де бұлар өз ара бірігіп, күрестің бір түрінен екінші түріне, анағұрлым жауыз түріне, тыңшылыққа, диверсийа мен террорға көшіп жүр. Мұны дәлелдейтін пактылар толып жатыр».

Мақалада алашордашы Мұстафа Шоқайға фашистік агенттерді ұйымдастырып жүр деген де айып тағылады:

«Ұлтшыл азғындар, алаш-ордашыл сұр жыландар екі жүзділіктен, қастықтан, предатілдіктен өтіп, ақтық шегіне жетіп отыр. Бұлар пашизм тобына, соғыс құмарлардың тобына қосылып отыр, қазақ қалқының және отанымыздың ең барып тұрған дұшпандарының тобына қосылып отыр. Еліміздің отан қорғау күшін құлатуға тырысқан жер жүзінің империализмі, пашистер өздеріне қолғанат адамдарды контр реболутсиашыл алаш-ордашылардан да құрап алып жүр.

Атышулы алаш-ордашылардың бірі, бұл күнде шет елдерде жүрген Шоқайып тротскийстер мен, ұлтшыл уклонис азғындар мен бірігіп, пашистік агенттерін, тыңшыларды, зийанкестер мен диверсантарды ұйымдастырып жүр».

Материалда алашордашылардың «орыс атаулыға сенбейтін бұрынғы ескі әдеттің сарқыншақтарын қолдап отыратынына» қатысты да дерек бар:

«Тротский және ұлтшыл азғындар бюрократизмді, жалаң әкімшілікке салынуды қолдайды, өз ара сынға жол бермейді, бұрынғы жікшілдік салттарын, көсемшілдікті қолдайды, қызметшілердің «өз адамым» деген принтсіппен құрап алу әдеттерін қолдайды, орыс атаулыға сенбейтін бұрынғы ескі әдеттің сарқыншақтарын, жағымпаздықты, жарамсақтанушылықты қолдап отырады. Бұлар ру жігіне қарай бөліну сықылды көптен жойылған әдетті де қайта туғызуға тырысып отырады. Әрине, бұл сарқыншақтардың бәрі де пашис сұмдардың істеген қылмыстарының ізін жасыруға өте қолайлы болып отырады. Жуықта Шымкентте Әлмұқамедіп, Дәуітбайып деген барып тұрған алаш-ордашылар әшкереленді, бұлар соңғы уақытқа дейін партийада болып келген. Күшбайып деген комсомолетс та осылар мен бірге әшкереленді».

> *Ұлтшыл азғындар, алаш-ордашыл сұр жыландар екі жүзділіктен, қастықтан, предатілдіктен өтіп, ақтық шегіне жетіп отыр. Бұлар пашизм тобына, соғыс құмарлардың тобына қосылып отыр, қазақ қалқының және отанымыздың ең барып тұрған дұшпандарының тобына қосылып отыр.*

«ЖАУЫНГЕР ҚҰДАЙСЫЗДАР ҰЙЫМЫ» ДЕГЕН ЖОҚ»

1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргінге іліккендердің бір парасы – мұсылманшылықты ұстанған қазақтар еді. Баспасөз беттерінде оларды «ораза ұстап, намаз оқығаны» үшін жерден алып, жерге салады. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 4 шілдедегі №151 санында «Тіміскіген молдалар, бейқам басшылар» атты мақала жарияланған екен. Көз жүгіртсек, дін ұстанғандарды дұшпаннан кем сипаттамапты:

«Бейнеткөр ауыл собетінің «Егін бұлақ» серіктігіндегі Игілікіп Ысқақ деген молда серіктік мүшелерінің арасында «ораза ұстаңдар, намаз оқыңдар, пітір-садақа беріңдер, сонда күнәларың жеңілденеді» деп, үгіт жүргізген. Ораза кезінде серіктік мүшелерінің бір сыпырасына ораза ұстатқызып, тарауыққа қатыстырған. Оны мен қоймаған, дінге Конституцсийа бостандық берді, сондықтан біз мешіт салатын қаржы жинауымыз керек деп те үгіттеген.

2-ауылдағы «Байғабыл» серіктігінің председатілі Қожабайып (өзі аудандық атқару комитетінің мүшесі) ораза ұстаған, осы күнге дейін намаз оқиды. Аудандық атқару комитетіндегілер Қожабайыпты сауатсыз деп санайды. Бірақ, Қожабайып серіктік мүшелерінің тең жартысына ораза ұстатқызып, намаз оқытып, қалқозшыларды өзінше «ағартып» жүргенін білмейді».

Ораза ұстап, намаз оқу былай тұрсын, өмірден өткен әкесіне Құран бағыштау да бұл жылдары сұмдық бір қылмыспен пара-пар болған секілді:

«Бестау ауыл собетінің «Қаражар» серіктігінің мүшесі Қоденіп Ыбырайым мал сойып, өлген әкесінің моласының басына апарып, молдаға Құран шығартып, ас берген. Серіктіктің председатілі Ержанып Дәулет жолдас бұған үндемеген».

«Еңбекші» собетіндегі «Құм көл» серіктігінің мүшесі Рыспайып Әбіш деген молда да Игілікіп сыйақты, елден пікір-садақа жинап, қалқозшыларды дінге үгіттеген. Оның баласы Зікірийа комсомолетс болса да, кесінің бұл қылығына қарсы емес, әкесі мен бірге тұрады».

Ол заманда балаларды сүндеттеу де барып тұрған бассыздық болған тәрізді:

«Бұл-бұлма, 3-ауылдағы «Доғал» серіктігінің мүшесі Қаңқожа деген қожа 1937 жылдың басында, сол ауылдағы бастауыш мектепте оқып жүрген 8 баланың әке-шешесін көндіріп, балалардың бәрін сүндетке отырғызған. Осының салдарынан балалар бір жарым ай оқуларынан қалды».

Осылай дей келе, автор өз сөзін: «Ауданда «жауынгер құдайсыздар ұйымы» деген жоқ. Оларды ұйымдастыруды ойлаған жан жоқ. Әсіресе, комсомол ұйымдары бұл жұмысты мүлде ұмытты» деп «қынжылысын білдіреді».

Жоғарыдағы мақалалар – «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы сандарында жарияланған материалдардың бір парасы ғана. Нәубет жылдарда шыққан нөмірлер әлде де тереңірек үңілуді, зерттеуді талап ететіні сөзсіз.

«ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ» Қызы

Атыраулық Назымхан Асанова – репрессия құрбанының ұрпағы. Анасының құрсағында жатып жетім атанған мұңлық өткен күндердің қорқынышты елесі туралы айтып берді.

Әкесі Асан Бәшіғұлов колхоз басқарған, жарлы отбасыларына колхоздың малын беріп, тұтас ауылды жұмыспен қамтуға атсалысқан. Бірақ репрессия жылдары «Халық жауы» деген жалған жаламен атылып кетеді. Анасының құрсағында жатып жетім атанған Назымхан Асанова сол замандары отбасына зауал болып тиген аштық, репрессия салған жараның ұмытылмайтынын айтты.

«Мен ғана емес, бауырларым да жастайымыздан әкесіз, жетімдіктің зардабын тартып өстік. Әлі күнге дейін есімде, бүлдіршін қыз болсақ та «Әкем қайда?», «Ақ тәтем қашан келеді?» деген сұрақты анамызға жиі қоятынбыз. Ондайда анам байғұс үндемейтін. Жауылығының ұшымен көзін сүртіп, жүзін теріс бұрып әкететін...

Анамның үнсіздігінің сырын есейген соң біліп жатырмыз ғой. Әкем күйші, жыршы болыпты. Өз заманының қиындығына қарамастан, қараша халықтың жағдайы үшін тер төккен әкем солақай саясаттың құрбаны болғаны әлі күнге дейін жанымa батады.

Өсе келе ауыл-аймақтан «халық жауының балалары» дегенді жиі еститін болдық. Тіпті, бір күні мынадай жағдай болды. Ауылдың үлкен ақсақалы «сендердің әкелерің кезінде «халық жауы» ретінде ұсталып, атылып кеткен» дегенді айтты. Бала жүрекке бұл әңгіме қанжар сұғып алғандай әсер етті. «Әкем қайда? Оны неге «жау» деп атайды? Әкем сондай жаман адам болған ба?» деп үйге еңіреп жүгіріп келген сәтім әлі күнге есімнен кетпейді. Сол кезде анам байғұс қандай күйде болды екен?» дейді Назымхан Асанова.

Асан Бәшіғұлов өз заманында жетім-жесірлерге, жарлы-жақыбайларға көмектесіп, оларды колхоз мүшесі еткен. Сөйтіп, әрқайсысына бір-бір сиырдан бергізген. Жергілікті халық күйші, жыршы ретінде де жақсы таныған. Оны бір топ милиция 1937 жылдың қазан айында үйінен алып кеткен.

«Әкемді алып кеткен уақытта мен анамның ішінде қалғанмын. Ол жағдайды анам былай еске алатын: «Нақты қай күні екені есімде жоқ. Әйтеуір, қазанның қара суық түндерінің бірі болатын. Түн ортасы болса керек, қатты шыққан дыбыстан оянып кеттік. Сөйтсек, толған адам тиеген көлік келіп тоқтап, ішінен екі милиция қызметкері түскен екен. Көзге түрткісіз қараңғылықтан олардың жүзі аса анық көріне қоймады. Жөн түсіндірместен, әкелеріңді көлікке отырғызып алып кетті». Мен құрсақта жатып тірі жетім атанған уақытта әпкем Назым небәрі екі жаста болған.

«Халық жауы» деген жақсы атақ емес қой. Әкем кеткен соң біздің шаңырақтағы жағдай тіптен ушықты. Анам колхоздың ең ауыр жұмыстарына жегілді. Өгіз арбамен астық та тасыды. «Сол кездегі Доңызтау деген жерден Қарауылкелді стансасына дейін астық таситынбыз. Арақашықтық шамамен 500 шақырым болатын. Үйге араға үш ай салып, бір рет келіп қана тұрдық» дейтін анам. Колхоз басшылығы тарапынан қатты қысымға ұшыраған анам бір түнде өз жұртына көшіп кетіпті. Әкемнен қалған бір сиырға жүкті артып, бізді нағашыларымыздың ауылына әкеліп тастайды. Әпкем екеуміз нағашы әжеміздің қолында өстік. Әкем ұсталып кеткеннен кейін араға екі ай салып хат келеді. Онда тоңып жүргенін айтып, қолғап пен шұлық салып жіберуді өтінген екен. Хатты оқып, алып-ұшқан анам азық дайындап, қолғап, шұлық салынған дорбаны дереу кіші ағасы Каленнен беріп жібермек болады. Бірақ Кален аға әкемді таба алмайды. Алдымен Жарқамыс ауданының орталығына барады. Ол жерден еш хабар ала алмайды. Ақтөбе, Орал түрмелерін аралайды. Нәтиже болмайды. Сөйтіп, дорбаны түрме күзетшісіне аманаттап тастап кете барады», – дейді Назымхан Асанова.

Репрессия құрбаны Асан Бәшіғұлов сегіз ағайынды болған. Бірақ репрессия құрбанының қызы Назымхан Асанова олардың бірде-біреуін танымайтын болып шықты.

Ал анасының төрт ағасы болған. Нұғыман, Еділ, Әбіл және Кален есімді ағаларының барлығы сол кездегі Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, оралмаған.

«Кален ағамнан ғана «қара қағаз» келді. Басқа ағаларымыз хабарсыз кетті. Кейінірек білдім. Әкемнің Нұрыбай атты немере ағасы болған екен. 1930-1931 жылдары ашаршылыққа ұшырап, бес баласымен аштан өліпті. Анамның айтуынша, Нұрыбай ағам балаларына тамақ іздеп жолға шығып, тапқанын әкеле жатқан жерінен ши түбінде жүріп кеткен екен. Әйелі іздеп шыққанда немере ағам үйге жақын маңнан табылған. Күйеуінің көзін жауып, әйелі үйіне келген уақытта балалары да бақилық сапарға аттанып кетіпті. Осындай қиындықтарды бастан кешірген әулетіміз адал еңбектің арқасында ғана өсіп, өнді. Сол кездегі Үкімет тарапынан қыспаққа тап болған анамыз екі қызын, яғни бізді аман-есен ер жеткізді. Сөйткен анамыз 1986 жылы 86 жасында қайтыс болды. Мен он жасқа келген кезде ғана бірінші сыныпқа бардым. Баршақұм ауылында тұратынбыз. Бір бөлмелі үй ішінде жерде отырып сабақ оқыдық. Сабақтан шыққан соң үш шақырым жер жаяу жүріп, сиыр фермасына келіп бұзау бағатынбыз. Үйге келген соң сығырайған шамның көмегімен сабақ оқып жүрдік. Ол кезде дәптер тұрмақ, қарындаш та, сия да қат болатын. Ағайымыз бір қарындашты үшке бөліп, үш оқушыға беретін. Сияны тарыдан жасайтынбыз. Яғни, тарыны әбден күйдіріп, талқандап, дайын қоспаны суға езгенде керемет сия шығады. Осы бір күндер зымырап өтіп жатты. Әкем туралы ақпарат ұзақ уақыт бойы құпия сақталып келді. Қанша іздесек те, ұзақ жыл бойы әкеме қатысты бірде-бір дерек таба алмай келдік. Тек арада 61 жыл өткенде ғана, яғни 1998 жылы Ақтөбе қаласының архивінен әкемнің ақталғаны туралы анықтаманы таптым. Әкемнен қалған жалғыз ескерткіш осы бір тілдей қағаз болып тұр», – дейді Назымхан Асанова.

Бүгінде Назымхан Асанова – көпбалалы ана, ақжаулықты әже. Марқұм болып кеткен жолдасы Ораз Естурлин екеуі өмірге 8 бала әкелген. Ұл-қызынан тараған немере-жиендердің ортасында ұрпақ қызығына бөленіп отырған әжей еліміздің тәуелсіздігі баянды болғанын тілейді.

Ресми деректерге сүйенсек, 1920 жылдан 1953 жылға дейін Қазақ КСР-нің 125 мыңға жуық азаматы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Оның 25 мыңнан астамы атылып кеткен. Біз баяндап отырған Назымхан Асанованың әкесі Асан Бәшіғұлов – сол 125 мың мұңлықтың біреуі ғана.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Біздің сұхбат

Ғарифолла ӘНЕС, «Арыс» қорының президенті:

ХАЛЕЛ ЖАЙЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖАЗЫЛУҒА ТИІС

Биыл тарихи заңғар тұлға Халел Досмұхамедовтің туғанына – 140 жыл. Соған орай «Халел Досмұхамедов мұрасы және қазіргі қазақ қоғамы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына келген Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қорының президенті, филология ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры Ғарифолла ӘНЕСПЕН сұхбаттасқан едік.

– Сіз Алаш қайраткерінің, соның ішінде Халел Досмұхамедовтің артына қалдырған мол мұрасын көп зерттедіңіз, ұзақ жылдардан бері зерттеп келесіз, бұл тақырыпты тауыстым деп айта аласыз ба әлде ол мүмкін емес пе?

– Жалпы, білім-ғылым дегеннің өзі шетсіз, шексіз нәрсе ғой. 1988 жылғы 28 желтоқсанда Алаш арыстарын ақтау жөніндегі қаулы шыққаннан кейін біздің алдымыздан тың арал, бөлек әлем ашылғандай болды. Ол кезде мен Мәскеуде аспирантурада оқитынмын. Сондағы Ленин атындағы кітапханада бізде тығулы тұратын Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы», «Әліппесі», Шәкерімнің бірлі-жарым шығармалары, Халелдің «Жануартануы» сияқты дүниелердің ашық тұратынын көрдім. Университетте араб тілін оқығанымның арқасында оларды оқи алатындығым менің артықшылығым болды. Себебі Алаш арыстарын ақтау бойынша мамыр айында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің арнайы комиссиясы құрылып жұмыс істеген кезде араб харпімен оқып, жаза алатын немесе үйреніп жүрген оншақты адам ғана болдық. Комиссияны белгілі қоғам қайраткері, академик Жабайхан Әбділдин басқарды. Бұл жұмысқа сол кездегі Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің де көп еңбегі сіңді.

Сөйтіп, қыруар қауырт жұмыстар басталып кетті. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың еңбектерін мәшеңкеге бастырып, дайындадық. Мен Тіл білімі институтында жұмыс істей жүріп, репрессия құрбаны болған тіл ғалымы Құдайберген Жұбановтың 90 жылдық мерейтойына Ақтөбеге, ондағы Жем, Ембі өңірлеріне іссапармен барып та келдім. Ол кісі 1956 жылы ақталғанымен, кітабы бір-ақ рет бастырылған екен. Ғалымның Есет, Асқар деген балалары да елге белгілі, үлкен ғалымдар, біз Есет Құдайбергенұлымен бірге кітап дайындадық.

Сонымен бірге Аманқос Мектептегі деген белгілі ғалым, курстас досым екеуміз Ахмет Байтұрсынұлының мұрасымен айналысып, «Ақ жол», «Тіл тағылымы» деген кітаптарын шығардық. Алаш қайраткерлері біртіндеп жарыққа шыға бастады. Бірақ Халел Досмұхамедовтің көлеңкеде қала бергені алаңдатты. Меніңше, оның себебі алғашқы кезекте ақталған арыстардың қоғамдық қызметтеріне назар аударылып, Халелге дәрігер деп қарағандықтан оны кейінгі ысыра берген сияқты. Ал менің қолымда Мәскеуден әкелген «Мұрат ақынның сөздері», «Исатай-Махамбет» дастаны, «Аламан» жинағы болды. Содан жігіттерді үгіттеп, Шәмшиден Керім деген ғалымға «Сен әдебиетшісің, фольклориссің, Халелдің «Аламанын», Ығылман Шөрековті, Мұрат ақынды шығарайық» дедім. Сөйтіп, 1991 жылы «Аламан» кітабын шығардық, 1998 жылы 1 томдық тандамалысы шықты. Бастапқыда уақыт тығыз болып, «Жануарлар», «Табиғаттану», «Тән тірлігінің» әрқайсысынан он беттен ғана аудардық. Кейін «Ана тілі» газетінде жұмыс істедім, одан «Арыс» қоры құрылды. Кейін архивтегі Халел жазбаларын қарағанда 90-жылдары қарап кеткенімнен кейін қозғалмай, кей еңбектері желімі де сөгілмей тұратын. Бұл оларды ешкімнің алып оқымағанын көрсетеді. Екінші жағынан, құнды дүниелердің араб қарпімен жазылғаны да мәселе туғызатын.

2017 жылы Халел Досмұхамедовтің үш кітабы шықты. 2019 жылы «Тәнтану» қайта басылып шықты. Қазір ғалым еңбектерінің 4 томы дайын, оған «Сана» журналына жазғандарынан еніп отыр. Әрі қарай архив құжаттарынан да дайындағымыз келеді, оның қанша том болатыны белгісіз. Қазір бұл мақсатта мемлекеттік комиссия жұмыс істеп жатыр, мен оның мүшесімін.

– Сіз конференцияда «Халелдің қазақ даласындағы 1921 жылғы аштық туралы жазған «Ашаршылық» атты әңгімесі табылғанын, өзіңіздің «Халел сол аштық туралы жазбауы мүмкін емес еді ғой» деген көптен мазалап жүрген ойыңыздың ақталғанын айттыңыз. Бұл әлі де көптеген құжаттар мен деректер ашыла береді дегенді білдіре ме?

– Иә, архив құжаттарының күн санап ондап, жүздеп құпиясыздандырылып жатқаны рас. Біз оларды шетінен жариялап отырмақпыз. Бір айта кетерлігі, ҰҚК-дан бөлек, ішкі істер, бас прокуратура, басқа да кез келген министрлікте, мекемеде, әрқайсысында құпия қор болған екен. Архив заңы бойынша 50 жылдан, әлемдік қауымдастық заңы бойынша бойынша 70 жылдан кейін құпия деректер ашылуы керек. Әлемдік стандартқа сәйкес, Ленин, Гитлер сияқты тарихи тұлғалардың да архиві ашылды. Ал бізде 1921-1922 жылы болған ашаршылыққа жүз жылдан асып кетті, ол жайлы әлі айтылмайды.

Сондай-ақ Халел және басқа Алаш қайраткерлері өнімді жұмыс істеген Ташкент архивтері де құжаттарын әлі жабық ұстап отыр. 1917-1920 жылдары «Алашорда» партиясын құрған, «Күнбатыс Алаш Ордада» белсенді жұмыс істеген қайраткерлерге кейін Ленин, Сталин амнистия жариялап, қызметке тартады ғой. Дегенмен Қазақстанда тұруға мүмкіндік болмағаннан кейін олар Ташкентке жиналады. 1920 жылы 20 тамызда Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылып, 1920-1924 жылдары тұңғыш астана Орынбор қаласы болады. Ол 1925 жылға дейін Қырғыз Автономиясы деп аталды. Сол кезде Ташкентте түрік, қырғыз, қарақалпақ, басқа да ұлттардың басын қосқан Түркістан Автономиясы да құрылғаны мәлім. Мынау Жетісу, Сырдария жері, Қызылордадан әрі қарай соған қараған еді. Қазақтың маңдайға біткен небір мықтылары Орынборға келе алмай, Ташкентте жұмыс істеуге мәжбүр болды. Міне, Халекеңнің өнімді жұмыс істеген кезі сол тұс еді. Ташкентте қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің негізі қаланды, Халел Досмұхамедов сонда оқытушы болып, оқулық жазумен айналысты. Оқулықтың аса тапшылығы ақындығымен, жазушылығымен, қайраткерлігімен танытқан басқа да арыстарды осы іспен айналысуға мәжбүрлеген еді. Сұлтанбек Қожанов пен Міржақып Дулатов математика, Мағжан Жұмабаев педагогика, Жүсіпбек Аймауытов психология, Елдес Омаров физика кітаптарын жазды, оның бәрі Халелдің тапсырмасымен жазылған-ды. 1922 жылы Қазақстанда аштық болғанда Ташкент те гиперинфляцияға ұрынған. Сол кезде Халелдің «Есеп (отчет) жазып отырғанда сиям қатып қала берді, үрлеп, қолыммен қыздырып жазып отырмын, бір жылдан бері жалақы жоқ» деп жазатыны бар.

Жақында Халел Досмұхамедовтің 1921 жылғы ашаршылық туралы жазғанымен қатар, Кенесары туралы зерттеуін де таптым. «Ақжол» деген газеттің қасынан «Сәуле» деген қосымшасы шығып тұрған екен, соның 5-6 саны сақталған екен, содан таптық. Өкінішке қарай, ол кездегілер жазғансызғандарын тегіс өз атынан жарияламаған ғой. Абайдың өзі санаулы өлеңі болмаса, қалғанын Көкбайдың атынан шығарған емес пе?! Сол сияқты Халекең де бірнеше псевдоним қолданған, редакция мақаласы есебінде шыққан.

– Халел Досмұхамедов пассионар тұлға дегеніңізді таратып айта кетсеңіз?

– Пассионар дегеніміз – көпті соңынан ерте білген, жан-жақты, әлемдік тұлға. Халел энциклопедист адам, Түркі әлемінің тұлғасы болған. Менің пайымдауымша, оған бұл кісінің Санкт-Петербор қаласындағы Императорлық әскери-медициналық академияны үздік бітіруі де сеп болса керек. Қазақта императорлық оқу орнын бітірген екі-ақ адам бар, біріншісі – осы Халел, екіншісі – Императорлық жол қатынасы институтын бітірген Мұхамеджан Тынышбаев. Мен императорлық оқудың айырмашылығы неде екеніне қызығушылық білдіріп сұрастырғам, ол шамамен біздің пәндерді еркін таңдап, қатысатын қазіргі жүйеге келеді екен. Ол кезде Петербор – Ресейдің астанасы, Халел академик Павловтың шәкірті болған, оның сыртында Радлов, Бехтеров, Бартелев деген мүйізі қарағайдай ғалымдардың дәрістеріне қатысып жүрген. Түсініктірек айтсақ, Алматыға тау-кен институтына түскенмен КазГУ-дегі Мұхтар Әуезовтің лекцияларына қатысып жүріп, сонда оқуға ауысып кететін Зейнолла Қабдолов сияқты болған ғой.

Сосын Халел Досмұхамедовтің ерекшелігі – ол қоғамдық ғылымдарға да, жаратылыстану ғылымдарына да бірдей болды. Мәселен, тілден «Қазақ-қырғыз әдебиетіндегі сингармонизм заңын» жазып, қазақ ауыз әдебиетін жіктеді. Халелдің қазақ ауыз әдебиетін топтастыру жайлы 1927 жылы жазғаны 1985 жылдары барып, біздің теорияға келді. Бұрын әдебиетте лироэпостық жырға, батырлар жырына жатқызылып келген балгерлік, түшкіру, жын шақыру, жылан шақыру, бәдік айтыс, бұлардың бәрін ол фольклорға жатқызған. Оның тек қана «Кіші жүздің екі жүз жылдық тарихы қанмен жазылған» деп жазған жолдарын эпиграф етіп пайдаланса қандай?! Ал енді «Как бороться с чумой среди населения казахского края» (1918, 1924 гг.) деген кітабы күні кешеге дейін осы аурумен күресте Одақ бойынша пайдаланатын туындының қатарында болған.

...Мен бір жолы жергілікті әкімдіктен Атырауға Халелдің зәулім ескеркішін салуды сұрадым. Олар «университеттің алдында тұр ғой, не қажеті бар» дегендей жауап берді. Мен сол кезде ренжіп, «Сендер, осы отырған бәрің Халелге қарызсыңдар» дегенмін. «Неге?» деп таңғалысты. Түсіндірейін. Х.Досмұхамедов әскери оқуды бітірген соң 25 жыл әскери қызметте болуы керек еді. Бірақ оны патша екі жарым жылдан кейін медаль беріп босатқан. Себебі оба ошағында өткізген бір күн 13 күнге есептеледі екен, Халел 1912-1915 жылдары сол аурудың эпицентрінде 25 жылын өтеп шыққан. Осы обадан Еуропа халқының өзі 50-60 пайызға дейін шыбындай қырылып отырған. Сол кезде Халел басын алып қашпай, бармай қойған болса, қаншама қазақтың ата-бабасы аман қалар ма еді, бүгінгі күнге жетер ма еді? Ол бейбіт күнде де, «Халел ставкасында», түрмеде адамдарды емдеумен болған.

Халел «Қазақ» газетіне мақалалары шығып тұрған кезде әлі студент, сонда халыққа «Мына аурудан мынадай дәрі бар, сендер алыпсатарға бір қой беріп, құйттай дәрі аласыңдар, одан да мынаны алыңдар, осы көмектеседі» деп ағартушылық ақыл-кеңестер беріп отырады.

Екіншіден, Халелдің саяси қайраткер ретіндегі тұлғасы, соның ішінде мына Жымпитыдағы «Күнбатыс Алашордасындағы» қызметі көп ашылмай жатыр. Қазір Мемлекет басшысының Жарлығымен 10 том Алаш құжаты дайындалып жатыр. Өздеріңіз білесіздер, тарихта Семей Алашордасы, Торғай, Жетісу Алашордасы болған. Жетісу Алашордасын соңғы бес жылда қостық, ол Алматы округі болған, сол кездегі Сергиополь қаласы, қазіргі Аягөзден бастап, бүкіл Бішкек, Қарақөлге дейінгі қырғыздар да қараған. Сол сияқты, Алаш партиясының қырғыз филиалы деген концепциясы да бітуге жақын. Торғай Алашордасы екі күн, Семей Алашордасы бір ай жұмыс істеген, ал Күнбатыс Алашордасы екі жыл үш ай бойына жұмыс істеп тұрған және өз алдына қару-жарағы, әскері, банкі болған. Бұл бұрын қауіп төндірген, тыйым салынған тақырып болды, бірақ қазір зерттеуге болады ғой, өкінішке қарай, олай болмай жатыр.

– Кей тарихшылар тарапынан Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов сияқты ірі тұлғаларды Кеңес билігі бірден атып тастамай, «кейін керегі болып қалар» деген оймен ұстап отырған деген пікірлер айтылыпты, сіз онымен келісесіз бе?

– Жоқ. Халел Досмұхамедовті отбасына 1939 жылы түрмеде туберкулезден өлді деп хабарлайды. Меніңше, оны да сол 1937 жылдары атып тастаған болуы мүмкін. Бауыржан Момышұлының бертініректе «Мағжанды көрдім» дегені айтылып жүрді. «Сәкенді де тірі екен, көрдік» дегендер болды. Меніңше, оның бәрі асыл ерлерін өлімге қимаған халықтың қиялынан туған мифке көбірек келетін сияқты.

1937 жылы Қазақстанға Мәскеуден 30 адам келген, олар үшүштен онға бөлінген, Қазақстан бойынша үштік құрады. Сөйтіп, күніне 80-90 шақты адамды атып отырған. Түрмедегі адамдар ұрып-соғудан әбден әлсіреп, жүре алмайтын халге жетеді. Зұлмат жылдары Оқу-ағарту министрі болған Біржан Манкин түрмеде асылып өледі. Сонда қамалғандармен көп тілдеспей, 10-15 минуттан артық ұстамай, папка сыртына «расход» деп жазып, атып отырған екен. Әйтсе де, маған олардың бәрін неге қырды деген сұрақ маза бермейді. 1937-1938 жылдардағы «үлкен террор» кезінде фашизм басын көтеріп, Германия күшейіп келе жатқан, мұндай адамдарды сақтау керек еді ғой. Қайткенде де, бұл бір эпидемия, тажал болған сияқты.

Жаңа архив құжаттары ашылмай жатыр дедім ғой, мына Ресейдің тарихшы, зерттеушілерінің еңбектерінде репрессияға ұшырағандардың қолтаңбасын көрсетеді. Бір бетте жазаланған адамның жиырмаға шақты қол қойған құжаты болады. Бастапқыда оның жазуы маржандай, айталық, «Мен жапон тыңшысы екенімді мойындамаймын, Кеңес Одағына адал қызмет еттім» деген сияқты анық жазады, біртіндеп жазуы сұйыла бастайды, ең соңында қол қойғанда орнында бір сызық қана тұрғанын көресің. Біз де бір күндері Халелдің осындай түрмедегі қолтаңбалары қалған құжаттарын алып қараймыз деп ойлаймын.

– Сіз репрессия құрбандарын ақтау мәселесінен бөлек, ашаршылық ақиқатын да көтеріп жүрсіз, оның шындығы қашан ашылуы мүмкін?

– Біздің архивтерімізде репрессияға қатысты мәліметтер бар, ол он жыл бола ма, жиырма жыл бола ма – түбі ашылады. Ең қиыны – ашаршылық шындығы, оған қатысты көп мәлімет жоқ. Сол кезде Голощекинге күнде қанша адам қырылғаны жөнінде ақпараттар беріп отырған деседі. Бірақ ашаршылықта көз жұмғандардың деректерін анықтау үлкен мәселе болып тұр. Әсіресе, өлген балалардың санын анықтау қиын. Елді аштық жайлағанда ең алдымен зауалдың зардабы әлсіз топ ретінде балаларға тиген ғой. Украинада «голодомар» кезінде жапа шеккен, жойылып кеткен ауылдардың тұсында тақтайшаға елді мекеннің атауы мен қанша адамның өлгені жазылып қояды екен. Ал біздің шежірелерге қарасаң, ешкімнің де аштан өлгені жазылмаған.

– Мазмұнды әңгіменізге рақмет!

Әңгімелескен
Құралай ҚУАТОВА

Жиын

АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ АШЫЛУДА

Қарағанды облысында Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев жұмыс сапарымен болды. Ол аймақ мәслихаттарының депутаттарымен кездесті, сондай-ақ «Ашаршылық. Голод. 1928-1934» тарихи құжаттар жинағының жаңа томдарының тұсаукесеріне қатысты. Деректі шежірелер жинағының авторлары отандық ғалымдар мен тарихшылар болды.

Жинақтың алтыншы және жетінші томдарының тұсаукесері Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мұражайында өтті.

Айта кету керек, бұл серияның бес томы 2021 жылы Сенатта көпшілікке таныстырылған болатын.

Сапар барысында Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ сенатор Долинка ауылында орналасқан «ҚарЛаг» музейіне барып, саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым етті. Қасіретті кезеңнің ізі қалған осы тарихи орында «Ашаршылық. Голод. 1928-1934» бірегей құжаттар жинағының жаңа 6-7-томдары жұртшылыққа таныстырылды. Іс-шараға тарихшы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аталған құжаттар хроникасының авторлары – белгілі отандық ғалымдар мен тарихшылар. Еңбекке енген құжаттардың басым бөлігі бұрын-соңды Қазақстанда жарияланбаған. Тіпті, кітапқа басылған сол кездегі анықтама, бұйрық, қарарлардың бір бөлігі бүгінге дейін құпия сақталып келген.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен соңғы жылдарда ашаршылық тақырыбын зерттеу жұмыстары жандана түсті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы да бастама көтерді. Соның аясында мемлекеттік комиссия құрылып, бүгінде тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Нәтижесінде, бұрын құпия

болып келген көптеген архив материалдары ашылып, қуғын-сүргінге қатысты құжаттар негізінде көптомдық жинақ жарық көрді. Дегенмен әлі де болса ашылмаған ақиқаттар мен жазылмаған жайттар бар, – деді Мәулен Әшімбаев.

Палата төрағасы аталған тақырыптарды ғылыми тұрғыда зерттеп-зерделеу мәселесін күн тәртібінен түсірмеу керектігін де атап өтті. Ол Сенат бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқанын, қолға алынған іс алдағы уақытта да жалғасатынын айтты.

– Соңғы екі жылдың ішінде Сенаттың бастамасымен ашаршылық тақырыбына арналған бес томдық құжаттар жинағы әзірленді. Соның аясында бұрын еш жерде жарияланбаған бірегей құжаттар жиналды. Жұмыс мұнымен тоқтамай, жалғасын тауып, нәтижесінде бүгін аталған жинаққа жаңа екі том қосылып отыр. Бұл жеті томдық жинақ – Сенаттың ашаршылық тақырыбын зерттеуге қосқан нақты үлесі. Бұл бағыттағы жұмысты әрі қарай жалғастырудың маңызы зор. Сол себепті Сенаттың бастамасын тиісті мемлекеттік органдар мен ғылыми институттар қолдап, зерттеулер жалғаса береді деп сенеміз, – деп Мәулен Әшімбаев жинақтың жаңа томдарының жарық көруіне атсалысқан ғалымдар мен редакция алқасына алғысын білдірді.

Сондай-ақ өңірге сапар барысында Сенат төрағасы мәслихат депутаттарымен кездесті. Мәулен Әшімбаев өңірлерді дамытудың өзекті мәселелерін шешудің жаңа жолдары туралы өз көзқарасын ұсына отырып, әріптестерін заң шығару процесіне белсенді қатысуға шақырды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

САЯХАТТАП ЖҮРІП, ТАБЫС ТАБАДЫ

Елімізде құрлық асып, шетел көргісі келетін жастардың қатары жыл санап артып келеді. Олардың арасында ел көріп қана қоймай, жұмыс істеп, қомақты табыс тапқысы келетіндері жетіп артылады. Бұл орайда олар Work and Travel сияқты бағдарламалардың шарапатын сезініп жүр.

Бағдарлама 1960 жылдары АҚШ мемлекеттік департаментінің қолдауымен іске қосылды. Ал біздің елге Work and Travel бағдарламасы 2005 жылдары келген екен. Әлемнің 40-тан астам елінде жүзеге асатын бағдарламаға Қазақстаннан жыл сайын 1 500-ге жуық студент қатысады.

Негізінде, бағдарлама қатысушылары ағылшын тілін ең үздік деңгейде меңгеру керек деп ойлайды. Десе де, шетелде саяхаттап, жұмыс істеу үшін ағылшын тілін кем дегенде Intermediate деңгейінде меңгергеніңіз жөн.

Work and Travel бағдарламасына өтінім беру мерзімі әр кезде әртүрлі. Студенттер жыл сайын мамыр айында келер жылы қатысуға өтінім бере бастайды. Ол жерде жұмыс орнын, штатты, қаланы таңдайды. Содан соң жұмыс берушілермен, демеушілермен сұхбаттасуға дайындалады. Сұхбаттасу екі кезеңнен тұрады. Біріншісі АҚШ елшілігінде, екіншісі демеушінің платформасында немесе skype арқылы онлайн сұхбаттасады. Сол жерде демеушімен онлайн келісімшартқа отырады. Яғни, университеттің күндізгі бөлімінде 1, 2, 3-курс оқитын студенттер ғана қатыса алады. Соңғы курс студенттері қабылданбайды. Сонымен қатар тағы айтып өтетін жайт, бағдарламаға колледж студенттері, жұмыс істеп жүрген азаматтар қатыса алмайды. Себебі АҚШ-та мигранттарды көбейтпеу үшін бағдарламаға өз еліне оралып, оқуын жалғастыратын студенттер ғана қабылданады екен. Бүгінде жастардың Work and Travel бағдарламасына қатысуға, Американы көруге көмектесіп жүрген көптеген арнайы агенттік жұмыс істейді. Олар белгілі бір шарттар бойынша аккредиттеуден өтеді. Осылардың қатарында он жыл бойы аккредиттеуден сәтті өтіп келе жатқан орталықтың бірінің координаторы Айнұр Қожахметованың пікірін білген едік.

– Бізде бағдарламаға дайындау ақысы – 3 500$. Бұған Америкаға бару және қайту билеттері, сондай-ақ басқа да қызметтер кіреді. Демеушімен болатын сұхбат аса қиын емес. Біз осы тұрғыда студентті сұхбатқа дайындаймыз, онда қойылатын жалпы сұрақтар: ата-анаң кім болып жұмыс істейді? Не үшін бара жатсың? Қайда оқисың? Ең негізгісі – елшілікте болатын сұхбат. Демеушімен болатын сұхбатқа қарағанда бұл едәуір қиын десек болады. Одан өтпей қалған жағдайда студент шетелге бара алмай қалады. Сонымен бірге студент сұхбаттасу барысында елге оралатынын, шетелде қалып қоймайтынын дәлелдеуі керек. Берілген мерзім ішінде елге қайтып, сабағына үлгеруің керек дейді. Өйткені көп жастың шетелде қалып қойып жүргенін жиі байқаймыз. Бағдарламаға жұмсаған ақшасын сол жақта екі еселеп тапқысы келеді, сол себептен қалып қойып жатады, – деді Айнұр Қожахметова.

Негізінен, қазақстандық студенттер бұл бағдарламаға сабағын тәмамдап, барлық емтиханын тапсырып болғаннан кейін қатыса алады. Яғни, жазғы үш ай демалысында шетелде жұмыс істеп келеді. Ал экономист Бауыржан Ысқақов еліміздегі кейбір университеттердің емтихандары тым кеш өтетініне қынжылды.

– Еліміздегі кейбір университеттерде студенттер жазғы демалысқа тым кеш шығады. Осыдан барып студенттер бағдарламаға қатысатын мерзімінен кешігіп, мүмкіндікті жіберіп алады. Сондықтан да заң бойынша осы тұрғыда талап керек деп ойлаймын, – дейді Бауыржан Ысқақов.

Work and Travel бағдарламасының ұтымды жағы көп. Студент алпауыт АҚШ мемлекетін көріп, жұмыс істеп, табыс табады. Экономист Бауыржан Ысқақовтың пікірінше, бағдарламаның бизнес саласын өркендетуге ықпалы зор.

– Бағдарламаның ұтымды тұстарының бірі, студент елге жаңа машықпен, жаңа тәжірибемен оралады. Әсіресе, түрлі идеямен кәсіп көздерін ашып жататын болса, бұл экономикалық жағынан өте тиімді. Студенттің шетелдегі барлық уақыты бекер өтпейді. Тек қыдырып қоймай, сол жақта жаңа кәсіптердің бастау алуына себеп бола алады. Шетел тәжірибесімен біздің ел экономикасына оң әсерін тигізеді. Сондықтан мемлекет тарапынан студенттерге қолдау қажет. Олардың шетелде қалып қоймай, алған тәжірибелерін елдің даму мақсатына жұмсауына жағдай жасағанымыз жөн, – дейді экономист.

Студент Әйгерім Сұлтанова бағдарламаның артықшылығы көп екенін айтады. Ол магистранттарға да шетел асып, жұмыс істеуге мүмкіндік берілгенін қалайды.

– Бұл бағдарламаның артықшылығы көп, өйткені АҚШ-қа барып, ақша тауып қана қоймай, американдықтардың мәдениетін танисың. Адамдар Америкада ашық-жарқын, көмекке дайын. Бағдарламаның кемшілігі ретінде оған тек бакалавриат студенттерінің қатысуын айтуға болады. Мысалы, магистранттар тапсырса, олардың аз ғана бөлігі виза алады, – дейді Әйгерім.

Студент жастардың бағдарламаға қызығушылық танытуының ең негізгі себебі шетел көріп, әлем аралауға мүмкіндік берілуінде болса керек. Біздің бұл ойымызбен Work and Travel арқылы шетелге барып келген студент Нұрдәулет Байсейітов те келіседі.

– Бала кезімнен шетелді көруді армандайтынмын. Work and Travel бағдарламасы туралы алғаш рет 1-курста оқып жүргенде естідім. Жоғары курстағы студенттердің әңгімесін естіген соң бала кездегі үмітім қайта оянды. Солай 2-курс басында арнайы орталықтан шетелге саясаттап, жұмыс істеудің жай-жапсарын сұрастыра бастадым. Сәті түсіп Нью-Йорк қаласына аттандым. Шетелдегі алғашқы жұмысым даяшы (waiter) көмекшісі болды, – деді ол.

Work and Travel бағдарламасына қатысатын жастардың саны жыл сайын артып жатыр. Бәрінің де көздеген мақсаты бір. Кинодағыдай Американың қайнаған тұрмыс-тіршілігін көргісі келеді.

– Бағдарлама бағасы, әрине қымбат. Бірақ Америкаға барып одан да артық тауып қана қоймай, онда саяхаттайсыз. Жаңа ортамен танысасыз. Мүмкін болса, тағы да бірнеше рет барушы едім, – дейді Әйгерім Сұлтанова.

Work and Travel бағдарламасы арқылы көп жас Американы көріп қана қоймай, алып елдің мәдениетімен, тәжірибесімен танысып келеді. Сөйте тұра, барлық студенттің шетелден оралуына нақты кепілдік жоқ. Бұл да жауаптылардың назарға алуы керек мәселе.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

Мәселе

ҚАҢБАҚ САЛҒАН САЛМАҚ

Атбасарлық шағын шаруа қожалықтары биылғы көктемгі егіс науқанын аса қатты қиындықпен бастады. Киіктердің жыл сайын егінді таптап кетуінен титықтаған ірі серіктестіктер егіндерінің айналасын терең ор қылып қазып тастап, арты үлкен дауға айналған еді. Шаруалар жергілікті билік пен құзырлы органдардың еш келісімінсіз осындай қадамға барған. Егістік алқаптарын қызғыштай қорыған шаруалардың әрекетінен ұсақ шаруа қожалықтары зардап шеккен. Өйткені қазылған шұңқырларды жағалай жүрген киіктер енді ұсақ шаруа қожалықтарының жерін таптап кетіп жатыр.

Оған қоса, шаруалар шағын ғана алқапты алып жатқан егістік алқаптарын «ұшарын жел, қонарын сай білетін» қаңбақтың басып кеткеніне алаңдап отыр. Сәл жел соқса болды, егіннің бетінде түгелдей қаңбақ ұшатын болған. Салдарынан егін себуде зор қиындыққа тап болған шаруалар қаңбақтың ондаған шаруаның жұмысына қолбайлау болып отырғанын ашық айтты.

Шаруа қожалықтары иелерінің айтуынша, кезінде бұл жерлерде осыдан бірнеше жыл бұрын банкротқа ұшыраған «Әліби» компаниясы ондаған мың гектар жерге иелік етіп егін салған. Бірақ одан кейін осы жерге келген компаниялар орасан зор аумақты алып жатқан егістік жерлерді игере алмай, кезінде жыртылған жерлерді арамшөп пен қаңбақ басып кеткен.

«Тілекей Агро» компаниясының 25 мың гектардан астам егістік алқабы бар. Бірақ соның 14 мың гектарына ғана егін егеді. Қалғаны бос жатыр. Не егін егемін деп құлшынған шаруаларға бермейді. Не өздері егін салмайды. Кезінде «Әліби» компаниясынан қалған жердің игерілмей қалуынан қазір осы аймақтағы шағын 22 шаруа қожалығы түгелдей зардабын тартып отыр. Егіннің бетінде жел соқса болды қаңбақтар домалап дән сепкіштерімізді (сеялка) бітеп жүргізбей тастайтын болды. Қарға адым жерге егін салу қазір мұңға айналды. Ірі мөлшердегі жерлердің еш пайдаланылмай жатуы оның құнарлығын төмендетіп тоздырғанымен қоса, ұсақ шаруа қожалықтарына да ауыр соғып тұр. Мұнымен қоса, биыл екі есе көбейген киіктер енді қазылған орлардан айнала жүріп отырып, тура біздің егістік алқабымызды таптап кететін болды. Ірі шаруалар экскаваторшыға 3 миллион теңгеден төлеп, жатын орны мен тамағын беріп 3 метр терендікке дейін траншея қаздырып алған. Міне, қазір егін салуда осындай қиындықтарды бастан өткерудеміз, – дейді шаруа қожалығының иесі Нұрбай Жүсіпов.

Түйінді мәселе жөнінде алдымен Атбасар ауданы әкімдігінен анықтамақ болдық. Жергілікті билік қазір көктемгі егіс науқаны жүріп жатқанын, тек егістік жұмыстары толық аяқталғаннан кейін тексеріс жұмыстарын жүргізетінін баян етті.

– Ауданның статистикалық бөлімінің берген мәліметінше, «Тілекей Агро» сол 25 мың гектар жерге түгелдей егін себуі тиіс болған. Қазір нақты сараптама жасай алмаймыз. Көктемгі егіс науқанын 10 маусымда аяқтау жоспарланған. Осыдан кейін әкімдік және басқа да құзырлы органдар арнайы жұмыс тобы комиссиясын құрып, егістік жерлердің пайдалануын, қаншалықты көлемде егілгенін яки егілмегенін тексереді. Биыл ауданда жалпы көлемі 495 мың гектар егістік алқапқа дән себілуі тиіс. Шаруаларға киіктер де көп зиян шектіріп отыр. Егістік жер иелерін киіктердің таптауынан зор шығынға батты. Былтырдың өзінде фермерлер 2 миллиард теңгеден астам қаржысынан айырылған. Биыл шаруалар өздері егіндерінің айналасын қазып тастады. Бұны олар киіктерден қорғану үшін жасаған. Толық талдау нәтижесін тексерісті қорытындылағаннан кейін ғана анықтаймыз, – дейді Атбасар ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы Михайл Майер.

Күрделі мәселенің мән-жайын Ақмола облысы Жер ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасынан анықтамақ болдық. Басқарма басшылығының мәліметінше, Атбасар ауданындағы жоғарыда аталған компания былтыр жайылым жерлерді игермей заңбұзушылықтарға жол берген.

«Тілекей Агро» – бірнеше ауданда аса ірі мөлшерде егін егетін ірі компаниялардың бірі. Былтырғы жылдың соңында жүргізілген тексеріс барысында аталған компанияның 13 мың гектардан астам жайылым жерлерді игермей тастағанын анықтап, тиісті нұсқау берілген. 10 маусымға дейін егін себу науқаны жүреді. Одан кейін жергілікті билік өкілдерімен бірге жердің қаншалықты пайдаланылғанын анықтаймыз. Егер заңбұзушылықтар анықталып жер игерілмей жатса, бір жыл көлемінде күтіп, одан кейін мемлекет меншігіне қайтарып аламыз, – дейді басқарма басшысының орынбасары Аян Тастанбекұлы.

Атбасарлық диқан қауымының басына түскен бейнеті қазір осындай жағдайда. Істің ретке келтірілуі құзырлы органдардың жылдам әрі нақты әрекет жасауына тікелей байланысты екені анық. Бір жағынан киіктердің шабуылы мен екінші жағынан жердің игерілмеуінің салдарынан шығынға батқан шаруалардың жанайқайы қалай шешімін табарын алдағы уақыт көрсетер...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Мәссаған!

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы Білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі аймақтық кеңес мүшелері Шымкент қаласындағы бірқатар жалпы білім беретін мектеп пен балабақшаның асханасына көшпелі іс-шара ұйымдастырып, оларға зерделеу жұмыстарын жүргізді.

ТАРАҚАН ҚАПТАҒАН АСХАНА

Назгүл НАЗАРБЕК

Кеңес мүшелері алдымен Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясына барды. Бір ғасырға жуық тарихы бар оқу ордасында 1 073 оқушы білім алады екен. 1-11-сыныптар бойынша 472 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Мектеп асханасы тап-таза, барлық талапқа сай жабдықталыпты. Кеңес мүшелері мектеп асханасының жұмысы мен тағамдарының сапасын жоғары бағалады.

Алайда қаланың қақ ортасындағы оқушысы көп №80 IT мектеп-лицейіндегі жағдай көңіл көншітпеді. Директор Баян Әбдішүкірова мұнда 1780 баланың ыстық тамақпен қамтылғанын айтты. Оның 1 178-і – бастауыш сынып оқушылары. Аймақтық кеңестің төрағасы Есенбек Серкебаев мектеп асханасының 120 орынға арналғанын, қосымша бастауыш сыныптар оқытылатын ғимараттағы асхана 48 орынға лайықталғанын атап өтті. Балаларды ыстық тамақпен жеке кәсіпкер Сәуле Жолтаева қамтиды екен. Асхананың ауасы тар, қоланса иіс бар. Желдеткіш жұмыс істемейді. Балалар тамақтанатын үстелдер мен орындықтар талапқа сай емес. Тазалық сақталмағандықтан еденде тарақандар өріп жүр.

Сондай-ақ кеңес мүшелері №139 мектептің асханасында болды. Сыйымдылығы 70 оқушыға арналған асханада 307 бала ыстық тамақ ішеді екен. 23-і аз қамтылған, 60-ы – көпбалалы отбасылар санатындағы балалар. «Алдын ала ескертілгеніне қарамастан мектеп асханасын жалға алушы кәсіпкер орнында болмады. Сондай-ақ тез бұзылатын тағамдардың ашық күйінде тұрғанын байқадық. Асханада энергетикалық сусындар мен қатар хот-дог да сатылып жатыр екен», – дейді аймақтық кеңес төрағасы Есенбек Серкебаев.

Кеңес мүшелері тарапынан №80 IT мектеп-лицейі мен №139 мектеп басшылығына бір айдың ішінде аталған кемшіліктерді жойып, ретке келтіру бойынша бірқатар сын-ескертпе мен ұсыныс айтылған.

Одан кейінгі мониторинг жұмыстары қала балабақшаларында жалғасын тапты. Аймақтық кеңес мүшелері Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты №34 «Ақ желкен», №100 «Тоқжан» және №27 балабақшалардың асханасына жүргізген бақылау-мониторинг барысында ет, сүт, айран өнімдерін сақтауда санитарлық ережелердің, тиісті талаптардың сақталмайтынына көз жеткізген. Мониторниг жүргізушілер балабақша асханаларының жағдайы бірқалыпты екенін айтады. Дегенмен кейбір кемшіліктің түзелуі аймақтық кеңестің назарында болатыны мекеме басшыларына ескертілген. Мұндай кемшіліктерді жуық арада ретке келтіру бойынша сын-ескертпелер де берілген екен.

Шымкент қаласы

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Астана қаласындағы филиалының заңды және нақты мекенжайының ауысуы туралы хабарлайды. Жаңа заңды мекенжайы және орналасқан жері: Қазақстан Республикасы 010000 Астана қ. Есіл ауданы Мәңгілік ел даңғылы, 20/2 «Azamat» БО, 7 қабат. Тел.: 8 (7172) 423-506.

ҚАЗАҚША КІТАПТАРҒА СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Мирас КЕСЕБАЕВ,
жазушы-маркетолог:

Заман талабына сай кітап оқитын жастардың саны артып келеді. Солардың ішінде оқырмандардың іскерлік әдебиетке қызығушылығы ерекше. Жас жазушы, маркетолог Мирас Кесебаев Қазақстанды кітап оқитын елге айналдыруды басты мақсаты санайды. Сол үшін ол «Супер жады», «Жылдам оқы», «Әдеп күші», «30 күнде ағылшын тілінде сөйле» атты кітаптар да жазған. Біз Мирас Кесебаевқа хабарласып көрдік.

– Қазіргі таңда жастар арасында сұраныска ие бірнеше кітаптың авторысыз. Жалпы кітап жазуға деген қызығушылық неден басталды? Бір кітап жазуға қанша уақыт жұмсайсыз? Қазақша кітаптарға сұраныс бар ма?

– Иә, бұл кітаптарды осы бағытта жарық көрген алғашқы қазақша туындылар деп айтсақ болады. Мысалы, бұған дейін жылдам оқу туралы қазақша кітап шыққан жоқ. «Ағылшын тілінде сөйле», «Супер жады», «Әдет күші» болсын, бәрі – өз саласындағы алғашқы туындылар. Бұл кітаптарды жазуыма қазіргі қоғамдағы жағдайлар себеп болды. « Кітап деген жазбасаң болмайтын жағдай туған кезде ғана жазылады» дейді атақты орыс жазушысы Л.Толстой. Менің де кітап жазбауыма амал қалған жоқ. Жалпы өзім бес жасымнан бастап кітап оқимын. Кітапты жылдам оқи алатын әдістердің барлығын үйреніп алдым. Қалаға келген соң одан ары жетілдірдім. Сол кезде айналамдағылар менен кітапты жылдам оқу әдісін сұрай бастады. Қазақ тілінде материал жоқ болғаннан кейін осы «Жылдам оқы» кітабын жаздым. «Ағылшын тілінде сөйле» де дәл осылай дүниеге келді. Өзім де ағылшын тілін үйреніп жүргенде қиналдым. Ағылшын тілін қатты үйренгім келгенімен қазақ тілінде материал өте аз болды. Өзім үйреніп, бес жыл өткеннен кейін үйренген тәжірибемді жинақтай отырып, ағылшын тілін жылдам меңгергісі келетіндерге арнап кітап жазып шықтым. Ең бірінші, өзім жақсы меңгергеннен кейін ғана оқырманға арнап кітап жазамын. Жылдам оқуды, ағылшын тілін, есте сақтау қабілетін жақсарту жолын жетік білген соң қолыма қалам алдым. «Әдеп күші» кітабын жазарда түрлі әдіс-тәсілдерді сынап көріп, соған байланысты көп кітап оқыдым. Сондықтан да ақпараттық база жағынан қиналған жоқпын.

Ал бір кітап жазуға аз дегенде жүз елу, одан ары кетсе екі жүз күндей уақытымды жұмсаймын. Осы уақытта қаншама кітапты, ғылыми материалдарды, әртүрлі ғалымдардың еңбектерін оқып шығамын. Сол ақпараттарды сұрыптап, қазақ тіліне келтіремін. Қазіргі таңда қазақша кітаптарға сұраныс көбейіп келе жатыр. Себебі кітапты жарнамалап, оның пайдасын айтып, подкаст түсіріп, кітап оқу жарысын ұйымдастырып жатырмыз. Соған байланысты жастар да кітаптың пайдалы екенін түсінуде. Әрине, барлығы емес. Бірақ өткен он жылмен салыстырғанда, жыл сайын кітап оқитын жастар көбейіп келеді. Оған қазақша кітаптар сапасының артуы және түрлі тақырыптарда жарық көрген қазақша кітаптар санының көбеюі де әсер етіп отыр.

– Өмірлік тәжірибеңізге сүйене отырып ағылшын тілін жылдам меңгеруді насихаттап жүрсіз. Тілді тез меңгерудің жолы қандай?

– Ағылшын тілін тез меңгерудің жолы – тілді тура сәби сияқты үйрену. Сәбидің екі жаста тілі шыға бастайды. Бірақ балаға ешкім тілді үйретпейді. Барлығын тыңдау арқылы және тілі келмесе де, қате болса да қайталау арқылы сөйлеп кетеді. Ағылшын тілін мен дәл осылай үйрендім. Ең бірінші, ағылшынша жеңіл киноларды көріп бастадым. Бірте-бірте жоғары деңгейлерге өте бердім. Көптеген подкаст тыңдап, айнаның алдында тұрып күнделікті қайталап жүрдім. Сәл де болса пайдасы тисін деп ережелерді де қайталадым. Әртүрлі сөздіктерді жаттадым. «Apple-алма» деп жаттағанға қарағанда, «I am eating an apple – мен алма жеп жатырмын» деп тіркес немесе қысқа сөйлеммен жаттаған тиімдірек. Тіл үйренуде кино көрген дұрыс. Себебі адамдар өмірде тура кинодағыдай сөйлейді, кітаптағыдай сөйлемейді. Кинодағыдай сөйлеп үйренсеңіз ертең шынайы өмірде шетелдікпен оңай сөйлесіп кете аласыз.

– Әлеуметтік желіде «жылдам оқы» авторлық курсын ұйымдастыратыныңызды байқадық, жалпы «жылдам оқы» кітабынан бұл курстың айырмашылығы қандай? Әлде бұл курс кітапта жоқ тың ақпараттармен қамтылған ба?

– «Жылдам оқы» курсы «Жылдам оқы» кітабының негізінде жасалған. Себебі адамдардың ақпарат қабылдауы үш түрге бөлінеді. Біріншісі көру арқылы, екіншісі есту арқылы, үшіншісі ұстап көру, сипау арқылы ақпаратты қабылдайды. Сол сияқты кейбір адамдар кітапты оқып отырып жақсы ақпарат алса, ал кейбір адамдар курстан көріп даусыңды тыңдау арқылы ақпаратты жақсы қабылдайды. Сол себепті «Жылдам оқы» курсын аштым. Қазіргі уақытта екі мыңнан аса жасқа, соның ішінде мұғалім мамандығында білім алатын студенттерге жылдам оқу әдісін үйреттім. Курс қатысушылары екі сағат ішінде нәтижеге жетіп отыр. Студенттер жылдам оқуды бірінші өздері меңгеріп, ертең сабақ беретін мыңдаған шәкіртіне үйрете алады. Сол үшін жылдам оқу қабілеті өте маңызды. Өйткені ақпараттық заманда оқитын ақпарат та көп, кітаптар да көп. Заманның ағымына ілесу, бейімделу үшін ақпараттың ішіндегі пайдалысын таба білуіміз керек.

– Қазақстанды кітап оқитын елге айналдыруды негізгі миссия қылып, подкаст түсіріп жүрсіз. Жалпы подкаст түсіру бүгінгі заманның талабы ма?

– Әр заманның өзінің тренді болады. Біз соны ескере отырып халыққа ақпарат беруіміз керек. Қазіргі жастар подкаст арқылы ақпаратты көбірек қабылдайды. Подкастың артықшылығы, бірнеше адам қатысып, еркін сөйлеседі. Оны кез келген адам тыңдап ақпаратты қабылдай алады. Кітап жайлы алғашқы подкаст болғандықтан оқырмандар өте жақсы қабылдады. Жалпы бұрын пайдалы кітап оқу, кітап оқудың мақсаты туралы кең көлемде подкаст болмады. Біз сол саладағы алғашқы жобаны жүзеге асырып, жақсы нәтиже көрсеттік.

– Адам миын дамытуға арналған « Супер жады» кітабыңызда адам өміріне пайдалы ақпарат өте көп. Сол жайлы айта кетсеңіз?

– Негізі менің еске сақтау қабілетім нашар. Егер біреу кеше не істедің, осыдан бір жыл бұрын дәл осы уақытта не істедің деп сұраса есіме түсіре алмаймын. Соған байланысты мен бала кезімде ақпаратты жаттаудың түрлі әдісін үйрендім. Ол мнемотехника деп аталады. Қиын терминдерді, ағылшынша сөздерді, адам атын, телефон нөмірлерін сол әдіспен жаттауды үйрендім. Әсіресе, бұл әдіс ҰБТ-да қатты көмектесті. Қазір ақпарат өте көп. Адамдар әр түрлі жерден қысқа-қысқа ақпарат оқығаннан кейін «цифрлық деменцияға» ұшырайды. Яғни ақпараттың көптігінен есте сақтау қабілеттері төмендейді. Сол үшін миды қозғайтын, мидың бұлшықеттерінің жақсы жұмыс істеуіне көмектесетін, белсенділігін арттыратын түрлі әдістерді айтқым келді. Осы кітапта миды дамытатын елуге жуық әдіс және жиырмадай есте сақтау жолды жазып шықтым. Бұл кітаптарды өзім жазсам да жиі қайталап оқимын. Қайталап оқу ұмытылып қалған ақпаратты еске түсіреді. Біз миымыздың бұлшықеттерін, нейрондарын жиі- жиі қозғау арқылы олардың белсенділігін арттырамыз. Кез келген адам өзіне қажет болмаса да кейбір ақпараттарды есте сақтауы керек.

– Алдағы уақытта кітап жазу жоспарда бар ма? Егер бар болса қандай бағытта жазасыз?

– Біздің қазіргі қоғамға ерлерге арналған кітап қажет. «Ең бақытты әйел», «Әйел бақыты», «Бақытқа ұмтылған әйел», «Әйел бақытының сыры» деген әйелдерге қатысты кітап көп. Бірақ ерлерге қатысты кітап жоқ. Яғни, ер адам ол кітапты оқығанда, шынайы жігіттің қандай болатыны, жігіттің білімі, отбасын асырауы, жауапкершілігі, өмір сүрудегі мақсаты, балаға беретін тәрбиесі, спортпен айналысуы деген сұрақтарды кеңінен қамтитын, оқыған жігіттің мотивациясын оятатын Б.Момышұлы сияқты батыр, Ә.Марғұлан сияқты ғалымдарға ұқсауға ұмтылдыратын кітап жазу ойымда бар. Бұл идея осыдан үш жыл бұрын пайда болған еді. Бірақ әлі жүзеге асқан жоқ. Бұйырса шығып қалар деген үміттемін. Бұдан бөлек балалардың интеллектісін дамытуға арналған кітапты бастап қойғанмын. Ол кітапта жылдам оқу, есте сақтау, логиканы дамыту, интеллектіні дамытуға арналған түрлі ойын, жаттығулар болады. Осындай кітаптар – біздің елде жоқтың қасы. Бізде көбіне шетел кітаптарын қазақшаға аудара салады. Сәтін салса, бұл кітаптар да жарыққа шығады деген ойдамын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айкүміс ЕСЕЛХАНҚЫЗЫ

ИНТЕГРАЦИЯНЫ ОРТАҚ ӘЛІПБИ ЖЕДЕЛДЕТЕДІ

Астанада Түркі әлемі ортақ әліпбиі комиссиясының бірінші отырысы өткізілді. Шараны Түркі академиясы Түркі мемлекеттері ұйымы хатшылығының, Түрік тілі қоғамының және Ататүрік атындағы Мәдениет, тіл және тарих бас мекемесінің қолдауымен ұйымдастырды.

Жиынның планерлық отырысында Түркі Академиясының президенті Шаһин Мустафаев, Түркияның Ататүрік атындағы Мәдениет, тіл және тарих бас мекемесінің басшысы, Лингвистика қоғамының вице-президенті Юксел Өзген сөз сөйледі.

Сыртқы істер министрінің орынбасары Қанат Тұмыш 2021 жылы 12 қарашада Ыстанбұлда өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII Саммитінде «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты стратегиялық құжат қабылданғанын атап өтті. Осы құжатта түркі елдері арасындағы тиімді коммуникацияны қамтамасыз ету үшін әліпбидегі және терминологиядағы бірлікке қол жеткізу әлеуетін арттыру туралы міндет жүктелген.

«Әліпби – ұлттың рухани байлығы. Ал жазу арқылы ұлттың рухани қазынасы, тілі, мәдени мұрасы, ғылымы, өнері мен әдебиеті сақталады. Әлем халықтарымен жақындасып, тереземіз тең болуы үшін, латын әліпбиіне көшу және ортақ түркі әліпбиін құру қажетілігі өте заңды құбылыс деп санаймыз. Түркі елдерінің басым бөлігі латын әліпбиіне көшті. Ортақ әліпби бірлесу жолындағы бірінші факторға айналуы қажет деп есептеймін», – деді ол.

Комиссия отырысына Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің құттықтау сөзі жолдады. Оны министрдің кеңесшісі Ербол Алшынбай оқып берді.

«Ортақ тарих, тектес рух, терең қандастық қатынасқа негізінде бірге тану жолындағы Түркі Академиясының ғылыми әлеуеті мен қызметін жоғары бағалаймыз. Түркі халықтарының ортақ әліпбиін дайындау – тарихы мен тамыры бір туысқан халықтардың заман көшіндегі қанаттаса қатар өркендеуіне жасалған игі қадам деп білеміз. Бұл өткен ғасыр басындағы түркі зиялыларының ізгі талпыныстарының заңды жалғасы деп санаймыз», – делінген құттықтау хатта.

Жиында сөз алған Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов ортақ әліпби мәселесі осыдан 100 жыл бұрын көтерілгенін ғалымдардың есіне салды.

«Бүгінгі комиссия отырысы Алаш қайраткерлерінің сол кездегі түркі оқығандарының, әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының идеясына сәйкес келіп отырғанын ерекше қуанышпен атап өткім келеді», – деді ғалым.

Отырыс тақырыптық сессиялар бойынша жалғасты. Бірінші сессияда туысқан түркі халықтары арасында әліпби бірлігін қамтамасыз ету және мемлекеттік тіл саясаты мәселелеріне арналды. Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов сессияға модераторлық етіп, Насими атындағы атындағы Лингвистика институтының бас директоры Надир Мамедли (Әзербайжан), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан (Қазақстан), Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты директорының орынбасары Динара Исраилова (Қырғыз Республикасы), Өзбек тілі және фольклоры институтының ғалым-хатшысы Гулом Исмаилов (Өзбекстан), Түркия Лингвистика қоғамының президенті Осман Мерттер ой-пікірлерін ортаға салды.

Екінші сессияда Ә.Науаи атындағы Өзбек тілі мен әдебиетінің Ташкент мемлекеттік университеті ректоры Шухрат Сирожиддиновтың модераторлығымен қатысушылар ортақ түрік әліпбиі комиссиясының ұсыныстарды қарау ережесін талқылап, тараптардың пікірлерін ескере отырып мақұлдады.

Үшінші сессияда ортақ әліпби әзірлеудің жол картасы қарастырылды. Бұл сессияға Түркияның Лингвистика қоғамы вице-президенті Юксел Өзген жетекшілік етті.

Түркі Академиясының президенті Шаһин Мустафаев жүргізген төртінші сессияда отырыстың қорытынды құжаттары қабылданды. Комиссияның негізгі міндеті ретінде қажетті дайындық жұмыстарын жүргізе отырып, ортақ әліпбиге кедергісіз, біртіндеп өтуіне қолұшын беру деп айқындалды. Комиссияның келесі төрағасы Әзербайжан тарабы болып келісілді. Келесі жиын 2024 жылы Баку қаласында өтеді.

Ж.АМАНГЕЛДІ

АЛМАТЫЛЫҚ СУРЕТШІНІҢ КӨРМЕСІ – ЛОНДОНДА

Лондонда алматылық суретші Айғана Ғалидың көрмесі ұйымдастырылды. Автор абстракция стилінде салынған суреттерінің жаңа топтамасын жарық тақырыбымен байланыстырған.

Жарқыраған шарлар, импульстік электр ағындары, сары сәулелер – мұның бәрі Айғана Ғалидің суреттерінде көрініс тапқан. Автор өз еңбектерінде жарықпен шағылысып, әртүрлі кейіпке енген заттарды бейнелеуге тырысқан. «Картиналар мүлдем басқа тілде сөйлейді. Кванттық физика немесе космология тілі ме дерсің», – дейді сарапшылар.

Айғана суреттеріне ұлттық рең беріп, картиналарын «Шаңқобыз», «Киіз үй», «Қосын» және «Өрнек» деп атаған.

«Автордың төл мәдениетіне өте жақын екендігін және оны жоғары бағалайтынын анық аңғаруға болады. Ол көптеген жұмысы арқылы ұлы даладан бастау алатын Тәңіршілдік идеясын жеткізуге тырысқан. Бірақ оның шығармашылығының дінге еш қатысы жоқ, абстрактілік өнер деп бағалар едім», – дейді көрме кураторы, сарапшы Нико Кос Ерл.

Айғана Ғали өз шығармашылығында кенеп пен қағаздан бастап, тоқыма мен қолаға дейін пайдаланады. Суретші – Алматы қаласының тумасы. Айғана әлемнің түкпір-түкпірінде көрмелер өткізіп, туындылары арқылы халқымыздың бай мәдени мұрасын насихаттап жүр.

Б.ПЕРДЕБЕКҚЫЗЫ
ЕҰУ студенті

NUR MEDIA
медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
ЫСҚАҚ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Шынболат КҮЗЕКБАЙ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4307
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ